3 Табиғи балық қорын шығынға ұшырататын себеп көп



8 Ардагерлер ән салған күн



www.facebook.com/syrboyi.kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

13 шілде, сенбі 2024 жыл

# Сыр бойы

Сыр бойы газеті 95 жыл
№106-107 (20780-20781)
Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

ПРЕЗИДЕНТ

## БАӘ ЕЛШІСІН ҚАБЫЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев БАӘ-нің Қазақстандағы елшісі Мұхаммед Саид Мұхаммед әл-Арикиді қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Астанада өткен ШЫҰ саммитіне Біріккен Араб Әмірліктерінің өкілді делегациясының қатысқаны үшін алғыс айтты.

Мемлекет басшысы еліміз БАӘ-мен көпжақты ынтымақтастықты дамытуға ерекше мән беретінін атап өтті.

Кездесуде бұған дейін жоғары деңгейде қол жеткізілген сауда-экономика және инвестиция салаларындағы уағдаластықтарды жүзеге асыру барысы талқыланды. Сондай-ақ Қазақстан мен БАӘ арасындағы стратегиялық инвестициялық жобалар туралы бірлескен декларация аясындағы жұмыстарды жалғастыру қажет екеніне назар аударылды.

Сонымен қатар энергетика және көлік-логистика, ақпараттық технологиялар мен жасанды интеллект салаларындағы ынтымақтастық перспективалары қарастырылды.

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

## МӘЖІЛІС ДЕПУТАТЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ҚР Парламенті Мәжілісіндегі «Қазақстан Халық партиясы» фракциясының депутаты Гаухар Танашевамен кездесті.

Кездесуде өңірде атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар талқыланды. Аймақ басшысы атқарушы органдар саяси ұйымдармен тығыз жұмыс жасап, олардың бастамаларына әрдайым қолдау көрсететінін атап өтті.

– Аймақта Президентіміздің, Үкімет басшысының, Парламенттің қолдауымен халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарта түсу, инфрақұрылым объектілерін жаңарту бойынша ауқымды жұмыстар іске асырылуда. Облыс бюджеті 708 млрд теңгеден асты. Бар-жоғы екі жылдан сәл астам уақытта 236,8 млрд теңгеге немесе 53,7 пайызға ұлғайды. Ауқымды қаражаттың басым бөлігі халықтың жайлы тұрмысын қамтамасыз ететін инфрақұрылымдық жобаларға жұмсалуда. Бюджетті жоспарлауда әлеуметтік бағытқа басымдық берілген.

2022 жылы өңір өңдеу өнеркәсібінің өсу қарқыны бойынша республикада 11-орында болса, өткен жылы 1-орынға көтерілді.

Мемлекеттің ерекше қолдауы құрылыс саласының дамуына жаңа қарқын қосты. Өткен жылға бөлінген қаржы 2022 жылмен салыстырғанда 3,5 есе артып, 87,1 млрд теңге болған еді. Биылға қаралған қаржы бұрын-соңды бұл салада болмаған деңгейге, яғни 119,3 млрд теңгеге жетті. Осы сияқты әр саладағы серпінді жұмыстар тоқтаусыз жүргізіле береді, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Гаухар Шаймерденқызы облыс басшысының бастамаларына сәттілік тіледі.

Айта кетейік, бүгінде атқарушы органдар саяси партиялармен, оның ішінде «Қазақстан Халық партиясы» облыстық филиалымен тығыз байланыста. Филиалға 6 мыңнан астам адам тіркелген. Облыстық мәслихатқа «Қазақстан Халық партиясынан» 1 депутат сайланды.

БАСТАМА

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханада «Ауыл кітапханаларына 100 кітап» акциясына арналған іс-шара өтті. Оған облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мира Қазбекова қатысты.

## АУЫЛ КІТАПХАНАЛАРЫНЫҢ ҚОРЫ ТОЛЫҚТЫ




Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайда кітап мәселесіне ерекше мән берген болатын. Президент өз сөзінде: «Шын мәнінде, кітап оқитын ел зиялы ұлтқа айналады. Біз жас ұрпақтың кітапқа құштарлығын оятуымыз керек» деді.

2-бет

НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келген ҚР Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова және ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұрат Ергешбаевпен бірге сол жағалаудағы «Қан орталығына» барды.

## ЖАҢА ҒИМАРАТ жақын күндері пайдалануға беріледі

Орталықтың іргетасы өткен жылдың тамыз айында қаланған болатын. Мұнда жылына 5000-10000 адамға қызмет көрсетіледі. Денсаулық сақтау саласындағы өзіндік орны бар мекемеге жеке ғимарат салу – маңызды әрі ұтымды шешім, тұрғындар саулығын сақтау және қорғау бағытындағы нақты іс-шараның бірі.

Нысан жақын күндері пайдалануға берілмек. Сондықтан жоспарланған жұмыс уақытылы әрі сапалы атқарылуы тиіс.

Нұрлыбек Машбекұлы мен Ақмарал Шәріпбайқызы көпбейінді аурухана құрылысымен де танысты. Наурыз айында салынып басталған үш қабатты ғимаратты «SHEBERBUILD» ЖШС 2025 жылдың соңында ел игілігіне табыстайды.




Айта кетейік, биыл аймақ медицинасына 140 млрд теңге бағытталды. Салада жаңа, ауқымды жобалар сәтті жүзеге асырылуда. Мемлекет басшысының тапсырмасымен басталған «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы қарқын алды. Ұлттық жоба аясында 11 млрд теңгеге 27 нысан салынуда. Өткен жылы елді мекендерде 15 жаңа дәрігерлік амбулатория, 1 медициналық бекет ашылды, бүгінде барлығы ел игілігі үшін қызмет етуде. Қалған 11 нысан жыл соңына дейін пайдалануға беріледі.



2-бет

ӘЛЕУМЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУЕТ

## БІРРЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК БЕРІЛЕДІ

Өңірлік жұмыспен қамту картасы аясында 21 мыңнан астам азамат жұмысқа орналасқан. Бұл жылдық меженің 47,1 %-ға орындалғанын көрсетеді. Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының І жартыжылдықта атқарған жұмыстары брифинг барысында белгілі болды.

Басқарма басшысының міндетін атқарушы Жанар Дәулетбаеваның айтуынша, жұмыспен қамтуда облыс республика бойынша алғашқы үштіктің қатарына шыққан. Бүгінде қандай бизнес идеяңыз болсын оны жүзеге асыруға мүмкіндік көп. Былтырдан бері қайтарымсыз грант тек әлеуметтік осал топтарға жататындарға берілетін болды. Оған 2,3 млрд теңге қаржы бөлініп, 1556 адам қамтылады деп жоспарлануда.

– Грант бөлудің бірінші легі аяқталып, арнайы құрылған комиссия шешімімен 492 көпбалалы отбасы, 88 мүгедектігі бар адам, мүгедек баланы тәрбиелеп отырған 95 және атаулы көмек алушы 22, асыраушысынан айырылған 25 отбасы қайтарымсыз грант иеленді. Екінші лек тамыз айында өтеді. Қайтарымсыз грантқа ие болғандардың 36%-ы мал шаруашылығымен айналысуды көздесе, 64%-ы технологиялық жабдықтар мен еңбек құралдарын сатып алуға бағытталған.



Фото: Ашық дереккөзден

Мемлекет басшысының тапсырмасымен жастардың кәсіпкерлік бастамаларын қолдауға жеңілдетілген несие беру бағдарламасы аясында былтыр 492 жас өз кәсібін ашуға мүмкіндік алды. Биыл да бұл мақсатқа республикалық бюджеттен 400 адамға 2 млрд теңге жоспарланып отыр. Қазіргі таңда министрлік тарапынан қаржыландыру мәселесінің шешілуі күтілуде, – деді Жанар Дәулетбаева.

3-бет

Валюта бағамы $ 474,26 kzt € 514,48 kzt ₽ 5,43 kzt | Ауа райы +33⁰ +35⁰ +28⁰ +30⁰

# ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ ІСТЕ ІРКІЛІС БОЛМАЙДЫ

ҚР Президентінің кеңесшісі Ернар Баспаевтың төрағалығымен өткен мәжілістің күн тәртібінде еліміздегі «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын және «Таза Қазақстан» республикалық акциясын іске асыру барысы талқыланды.

Айта кетейік, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында облыста 12 300 орынға арналған 21 мектеп салу жоспарланған. Өткен жылы 6900 орындық 10 мектептің құрылысы басталса, биыл 5400 орындық 11 мектеп құрылысы басталады деп күтілуде. Қызылорда облысының әкімдігі мектептерге инфрақұрылым жеткізуге жергілікті бюджеттен 118,4 млн теңге бөліп, жоба-сметалық құжаттар әзірленді, сараптама қорытындысы алынды. Жергілікті бюджеттен 1,7 млрд теңге қаржы бөлініп, 7 мектептің құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталды.

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы шеңберінде барлық елді мекенде бес кезеңнен тұратын «Таза өлке», «Киелі мекен», «Жасыл аймақ», «Өнегелі ұрпақ», «Мөлдір бұлақ» апталықтары ұйымдастырылды. Аймақ жұртшылығы белсене қатысқан акция қазіргі уақытта жалғасын табуда. Жыл соңына дейінгі іс-шаралардың жоспары бекітілген.

Қызылорда қаласында демеушілік есебінен 1 млрд 100 млн теңгеге 28 ескі көпқабатты тұрғын үйдің қасбеттері заманауи панельмен қапталып, 1 млрд теңгеге 20 көпқабатты тұрғын үйдің аулалары абаттандырылды. Орталық алаңды қайта жаңғыртуға демеушінің 1 млрд теңге және облыстық бюджеттің 1 млрд теңге қаржысы жұмсалды. Теміржол вокзалы ғимараты мен перроны күрделі жөндеуден өткізілді. Балалардың игілігі үшін 1 млрд 600 млн теңгеге 80 ойын және спорт алаңы салынды.

Жаңақорған ауданында демалыс паркі, Сырдария ауданы Нағи Ілиясов ауылында «Еңбекшілер паркі» пайдалануға берілді. Қармақшы ауданы «Жаңажол» ауылында орталық алаң және Жалағаш ауданы «Таң» ауылында көшелер абаттандырылып, жарықтандырылды.

Облыстық бюджеттен бөлінген 800 млн теңгеге 17 көпқабатты тұрғын үйдің аулалары, 200 млн теңгеге жуық қаржыға 14 спорт-ойын алаңы салынып, 7 ойын алаңы жөндеуден өткізілді. Бұл жұмыс биыл да жалғасын табуда.

Демеушілер облыс орталығындағы 63 көпқабатты тұрғын үй мен 2 әлеуметтік нысанның қасбетін заманауи үлгімен әрлеуде. Аудандарда да көшелер абаттандырылып, ойын алаңдары мен скверлер салынуда.

Қызылорда қаласының көшелерін, аулаларды абаттандыруға облыстық бюджеттен 12 млрд 700 млн теңге бөлінген.

Экологиялық акцияны жалғастыру үшін коммуналдық қызмет мекемелерін жаңа техникамен қамтамасыз етудің маңыздылығы ескерілген. Өткен жылдан бері «Үлгілі елді мекен» конкурсын ұйымдастыру дәстүрге айналды. Конкурс үздіктеріне күнделікті тұрмысқа қажетті 29 арнайы техника табысталды. Биыл 436 млн теңге бөлініп, 19 техника алынуда.

Жыл соңына дейін Қызылорда қаласындағы коммуналдық мекемелерге (КРЭК, ТЭЦ) 15, абаттандыру мекемелеріне («Қызылорда тазалығы», «Жасыл Қызылорда», «Қызылорда су жүйесі») 67 арнайы техника әкелінбек. Бұған қоса, облыс орталығында және барлық ауданда «Үздік аула» дәстүрлі конкурсы өткізілуде.

Тазалық шараларын бір реттік науқанға емес, өмір салтына айналдыру, яғни жұмыстарды сапалы әрі тыңғылықты орындау өте маңызды. Осы орайда іске қосылған «Таза Қазақстан» онлайн платформасы Қызылорда облысында жұмыс жасауда. Салалар бөлінісіне қарай бекітілген операторлар, модераторлар мен орындаушылар тұрғындардан түскен өтініштерді уақытылы қарап, тиісті шара қабылдауда.



# ЖАҢА ҒИМАРАТ
## жақын күндері пайдалануға беріледі

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасымен Қызылорда қаласының Досан елді мекенінде жаңа медициналық бекет, Баймұрат батыр ауылында жаңа дәрігерлік амбулатория ашылды.

Көпбейінді облыстық аурухана базасында жаңа МРТ аппараты іске қосылып, 70 орындық перинаталдық бөлім жұмысын бастады. Облыс орталығында бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы қарқынды жүруде.

Жаңақорған ауданы «Төменарық» ауылында дәрігерлік амбулаториясымен қоса 15 төсектік ауылдық аурухана салынуда, 8 медициналық нысанға күрделі жөндеу жүргізіліп, 5 нысанның жылу жүйесі газға ауыстырылады.

Жақын күндері Жаңақорған ауданындағы көпбейінді аудандық орталық аурухана базасында, жыл соңына дейін Арал ауданында «Қамқорлық» оңалту орталықтары ашылады.

Аймақтың медицина саласын дамытуға бюджеттен тыс ресурстар да тартылуда. «Қазақстан халқына» қорымен тұрақты әріптестік байланыс орнатылып, соңғы екі жылда бөлінген 2 млрд теңгеден астам қаржыға облыстық балалар ауруханасы базасында «Қамқорлық» реабилитациялық орталығы ашылды, аса қымбат дәрі-дәрмек алынды.

Қор облыстық онкология орталығына еліміздегі 3 өңірде ғана бар (Қызылорда, Ақтөбе облыстары, Алматы қ.), 1 млрд 100 млн теңгенің жылжымалы медициналық кешенін сыйға тартты.

Мамандардың біліктілігін арттыру да назардан тыс қалған емес. Биыл 10 реаниматолог, 5 кардиолог Түркиядағы жетекші клиниканың бірі – «Мемориалда» білім жетілдірді.

2022 жылы халықтың сұранысына сәйкес 45 жедел жәрдем көлігі алынып, облыстық медициналық жедел жәрдем стансасы 100 пайыз автокөлікпен қамтамасыз етілген болатын. Өткен жылы басқа да медицина мекемелеріне 513 млн теңгеге 25 санитарлық автокөлік табысталды. Биыл 200 автокөлік алынады.

1-бет

КӘСІБИ МЕРЕКЕ

# ВЕТЕРИНАРИЯ МЕКЕМЕЛЕРІНЕ 26 КӨЛІК ТАБЫСТАЛДЫ

Биыл 10 шілде – Ветеринария қызметкерлері күні алғаш рет аталып өтті. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ветеринария ұйымдарына жаңа қызметтік автокөліктердің кілтін табыстау рәсіміне қатысып, сала қызметкерлерін кәсіби мерекемен құттықтады.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Қазақстан халқына Жолдауында «Мал басының амандығы және өнімділігі жергілікті ветеринарлардың тиімді жұмысына байланысты. Бұл, түптеп келгенде, ауылдағы ағайынның әл-ауқатына тікелей әсер етеді» деген болатын. Мемлекетіміз ветеринария саласын жетілдіруге аса үлкен мән бергенінің арқасында салада серпінді жұмыстар қолға алынды.

Биыл 14 түрлі аса қауіпті жұқпалы ауруға қарсы ветеринариялық дәрі-дәрмек облысқа жеткізіліп, төрт түлік уақытылы алдын ала егілді. Сапалы атқарылған жұмыстардың нәтижесінде Дүниежүзілік жануарлар денсаулығы ұйымы облысымызға аусыл ауруынан таза аймақ мәртебесін берді. Бұл мал өнімдерінің экспорттық әлеуетін арттыруға оң септігін тигізеді. Облыста соңғы жылдары аса қауіпті аурулар тіркелген жоқ, эпизоотиялық тұрақтылық сақталуда. Бұл – сала мамандарының тынымсыз еңбегінің жемісі, – деді аймақ басшысы.

Рәсімде қалалық, аудандық ветеринариялық станцияларға 26 жаңа автокөліктің кілті табысталды. Қоғам қайраткері Бекмырза Еламанов ветеринарларды мерекемен құттықтап, ізгі тілегін арнады. Үздік қызметкерлер ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің, облыс әкімінің Алғыс хатымен және сала ардагерлері Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен марапатталды.

Айта кетейік, өңірдің ветеринария саласында 780 маман қызмет етеді. Екі жыл бұрын олардың жалақысы 60 мың теңге болатын, жыл сайын қаңтар, шілде, желтоқсан айларында ақысыз еңбек демалысына жіберілетін.

Салада мамандарды тұрақтандыру үшін 2022 жылы жергілікті бюджеттен 724 млн теңге бөлініп, қызметкерлер жалақысы 40 пайызға өсті. Мемлекет басшысының зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін мамандардың еңбекақысын көтеру жөніндегі тапсырмасына сәйкес 2022-2024 жылдары бюджеттен қосымша 1 млрд 634 млн теңге бөлініп, ветеринарлар жалақысы тағы 50 пайызға көбейді. Мекемелердің материалдық-техникалық базасын жаңартуға екі жылда облыстық бюджеттен 300 млн теңгеге жуық қаржы бөлініп, қызметтік автокөліктер мен құрал-жабдық алынды.

Соңғы жылдары өңірде барлық саланың материалдық-техникалық базасын нығайтуға басымдық берілуде. Қоғамдық көлік мәселесін түбегейлі шешу үшін 300 автобус, мектеп оқушыларына 30 автобус, денсаулық сақтау саласына 120 жедел жәрдем көлігі, орманшыларға 95 техника алынды. «Үлгілі елді мекен» облыстық конкурсының жеңімпаздарына күнделікті тұрмысқа ең қажетті заманауи үлгідегі 29 арнайы техника берілсе, биыл 19 техника дайындалуда. Оған қоса «Қызылорда электр тарату тораптары» мекемесіне 24, «Қызылорда тазалығы» мекемесіне 20 техника пайдалануға берілді.

Биыл жыл соңына дейін денсаулық сақтау ұйымдарына 150 жедел жәрдем көлігі, коммуналдық мекемелерге 15, абаттандыру мекемелеріне 67 арнайы техника сатып алынады.

Еске салсақ, ветеринарларға өткен жылы да 30 қызметтік автокөлік берілген болатын.

**Облыс әкімінің баспасөз қызметі**

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

# МӘСЕЛЕНІҢ ШЕШІМІ ЗАҢ АЯСЫНДА ҚАРАСТЫРЫЛАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев кезектілік тәртібімен жазылған азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.



Қабылдауға келген 12 тұрғынның көтерген мәселелерінің қатарында үй алу, жол, жарықтандыру, жұмысқа орналасу және кәсіп жүргізу бар.

Келушілердің ұсыныс-пікірі, өтініші мамандардың жіті назарында болады. Себеп-салдары зерттеліп, шешімі заң талаптары шеңберінде қарастырылады. Кей мәселеге қатысты түсіндірмені мамандар сол жерде берді.

Мәселен, баспана алу жайын қозғаған 48 жастағы қала тұрғынына кезегі жақындағаны және үйді жыл аяғында алатыны түсіндірілді. Сондай-ақ Хангельдин көшесіне электр жарығын жүргізуді сұраған тұрғынға да бұл мәселе жақын арада шешімін табатыны айтылды. Бүгінде көше жарығына бюджеттен тиісті қаржы қарастырылып, қыркүйек айында жүргізіледі деп жоспарлануда.

Қабылдауға келген жалғызбасты ана бауыр циррозымен есепке алынған 15 жастағы қызына ота жасауға қаржылай көмек сұрады. Жеті жылдан бері іздеген донор табылған, енді емдеу шараларына қомақты қаржы қажет. Аймақ басшысы жауапты тұлғаларға тапсырма беріп, көмек көрсетілетінін айтты.

Бүгінгі қабылдауға «Қазақ радиосының үздігі», Шиелі ауданының Құрметті азаматы Қатира Жәленова да келді. Ақын, қаламгер Нұрлыбек Машбекұлына өңірдің руханият саласын өркендетуге қатысты бірқатар ұсыныс айтты. Оның ұсыныс-пікірлері алдағы уақытта зерттеліп, қаралатын болады.

Еске салайық, тұрғындар облыс әкімінің қабылдауына egov.kz порталы, e-otinish бірыңғай базасы немесе әкімдікке келіп жазбаша өтініш тастау арқылы жазыла алады.

**Облыс әкімінің баспасөз қызметі**

# АУЫЛ КІТАПХАНАЛАРЫНЫҢ ҚОРЫ ТОЛЫҚТЫ

Осыған орай Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева Қазақстанда «Ауыл кітапханаларына 100 кітап» атты акция басталғанын хабарлады. Акцияға министрдің өзі де үн қосып, Абай Құнанбайұлының ауылы «Қарауылға», Қаныш Сәтбаевтың ауылы «Баянауылға» және өз туған ауылына әлем, қазақ әдебиетінің үздік шығармаларын, танымдық-ағартушылық әдебиеттерді тарту еткен.

Министр бұл бастама шалғайдағы ауыл кітапханаларына соңғы шыққан жаңа туындыларды жеткізіп, өскелең ұрпақтың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруды көздейтінін айта келе, акцияға атсалысуға өзге де мекемелер мен ұйымдар, жанашыр азаматтарды шақырды.

Осындай кітаптардың алғашқы легі өңірімізге де келді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың, Президент Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебайдың атынан Арал, Қазалы, Сырдария және Шиелі аудандарының кітапханаларына кітаптар тарту етілді.

Іс-шарада сөз сөйлеген басқарма басшысы Мира Қазбекова кітаптар Арал ауданының «Құланды» елді мекеніне, Шиелі ауданының «Сұлутөбе» ауылына, Сырдария ауданының Нағи Ілиясов ауылына және Қазалы аудандық орталық кітапханасына тарту етілетінін, мұндай шаралар жалғасатынын айтты.

Сондай-ақ кітапхананың тұрақты оқырманы Абайбек Жүнісов сөз сөйлеп, игі шараның мән-маңызына тоқталды.

– Америка Құрама Штаттарында болғанымда, осындай кітап акцияларының маңыздылығы өте жоғары екенін аңғардым. Оларда «Көше кітапханасы» деген жоба бар. Әр көшеге арнайы жәшік жасап қойған. Әркім өзі оқыған кітабын басқалар да оқысын деп сол кітапханаға қойып кетеді. Жәшіктен өзі оқымаған кітап көрсе, алып оқып, қайтып әкеліп қояды. Бұл кітапты жас ұрпаққа, жалпы халыққа оқытудың мәдениеті деп айтсақ болады. Жалпы шетелдерде осындай әлеуметтік жобалар жолға қойылған. Қолға алынып жатқан бүгінгідей акция болашақта бізде де сондай шараларға жол ашады деп ойлаймын, – деді А.Жүнісов.

**Биболат СӘТЖАН,**
**«Сыр бойы»**

1-бет

# ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМІ АППАРАТЫНДА ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАУДЫҢ 2024 ЖЫЛДЫҢ III ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН КЕСТЕСІ

| Аты-жөні, тегі | Лауазымы | Қабылдау күндері | Қабылдау уақытты |
|---|---|---|---|
| **Нәлібаев Нұрлыбек Машбекұлы** | Облыс әкімі | Әр айдың 4-ші жұмасы | Белгіленген уақытта |
| **Жаналинов Данияр Еренғалиұлы** *(облыстық экономика және қаржы, мемлекеттік сатып алу, бақылау, денсаулық сақтау және жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармаларының қызметтеріне жалпы бақылау жасау).* | Облыс әкімінің бірінші орынбасары | Әр айдың 2-ші жұмасы | Белгіленген уақытта |
| **Жаханов Бахыт Дүйсенұлы** *(облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары, табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу, ветеринария, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармаларының қызметтеріне жалпы бақылау жасау)* | Облыс әкімінің орынбасары | Әр айдың 3-ші бейсенбісі | Белгіленген уақытта |
| **Зебешев Ардақ Темірханұлы** *(облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары және денешынықтыру, спорт және туризм (туризмнің инфрақұрылымын дамыту, шетелдікті қоса алғанда туристік салаға инвестицияларды тарту) басқармаларының қызметтеріне жалпы бақылау жасау және «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясына жетекшілік жасайды)* | Облыс әкімінің орынбасары | Әр айдың 2-ші сәрсенбісі | Белгіленген уақытта |
| **Нұртай Қайрат Ырзақұлұлы** *(Байқоңыр қаласының әкімшілігі, Төретам кенті және Ақай ауылдық округі әкімінің аппараттары арасында өзара қарым-қатынасты ұйымдастыру, Төретам және Ақай елді мекендерін дамыту мәселелері)* | Облыс әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі | Әр айдың 1-ші бейсенбісі | Белгіленген уақытта |
| **Байманов Шахмардан Асқарұлы** *(облыстық қоғамдық даму, мәдениет, архивтер және құжаттама, дін істері, білім, және денешынықтыру, спорт және туризм (денешынықтыру және спортты дамыту бөлігі) басқармаларының қызметтеріне жалпы бақылау жасау)* | Облыс әкімінің орынбасары | Әр айдың 3-ші сәрсенбісі | Белгіленген уақытта |

Азаматтарды қабылдауға алдын ала жазылу Қызылорда облысы әкімдігінің ғимаратында мына мекен-жай бойынша жүргізіледі: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі №1, 1-қабат, №139 бөлме. Анықтама телефоны: 40-11-91 *(7046)*.

**Қызылорда облысы әкімінің аппараты**

БРИФИНГ

# ТӨРТ ТҮЛІКТЕ ӨСІМ БАР

Сыр өңірінде биыл 191,5 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Негізгі дақыл – күріштің көлемі 83,1 мың гектар. Өткен жылмен салыстырғанда жалпы егіс көлемі 2,9 мың гектарға азайтылды. Оның ішінде күріштің көлемі 7,8 мың гектарға төмендетілді. Облыста егісті әртараптандыру жалғасын табады.

Бүгінгі күні 12,1 мың гектарға дәнді дақылдар, 4,9 мың гектарға майлы, 71,6 мың гектарға малазықтық дақылдар, 19,9 мың гектарға картоп, көкөніс, бақша егілді.

Мемлекеттік қолдаудың арқасында биыл 31,5 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, өсім көрсеткіші 1,5 пайызға артқан. Негізгі қорға салынған инвестиция 5,2 пайыз, ол тамақ өнімдерін өндіруде 28,1 пайызға өскен.

– Биыл да ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс көлемін әртараптандыруға мән берілуде. Қысқартылған күріш алқаптарының орнына суды аз қажет ететін малазықтық, майлы және картоп, көкөніс көлемі ұлғайтылды. Одан бөлек, облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес жергілікті тұрғындар өзін-өзі әлеуметтік маңызы бар картоп, көкөніс, бақша өнімдерімен қамтамасыз ету үшін 5 мың отбасына бақша егуге 3 364,4 гектар жер дайындалды. Бұл жерге картоп, көкөніс, бақша егілді, – деді облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Ерсұлтан Апетов.

Шаруашылық құрылымдары дақылдарды агротехникалық талаптарға сай күтіп-баптау жұмыстарын өз мерзімінде жүргізуде. Көктемгі егіске қажетті 63,3 мың тонна минералдық тыңайтқыш толық сатып алынып, тиісті мақсатқа жұмсалды. Ал күріш егістігінің 52,7 мың гектарына химиялық өңдеу жүргізілді. Барлық 3 799 ауыл шаруашылығы техникасы жөндеуден өткізіліп, егін егу жұмыстарына толықтай қатысты. Көктемгі егін егу мен дала жұмыстарына 13,9 мың тонна арзандатылған дизель отыны бөлінген.

Мал шаруашылығын дамытуға жасалған қолдаудың нәтижесінде төрт түліктің саны өсіп, өнімі де ұлғайып келеді. Мәселен, сиыр басы өткен жылмен салыстырғанда 7,6 пайызға өскен. Ал қой мен ешкі басы 878,3 мыңды, жылқы басы 260,3 мыңды құрап отыр.

– Өңірдегі ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорттық әлеуеті жыл сайын артып келеді. Статистикалық мәліметтерге қарағанда, өткен жылдың 1 мамырына облыстан 12,5 млн. доллардың 22 мың тонна ауыл шаруашылығы өнімдері әлемнің 15 мемлекетіне экспортталды. Олардың арасында күріш, балық өнімдері, күріш қалдығы, қамыс бар.

«Ауыл аманаты» жобасы аясында 406 жоба несиелендіріліп, нәтижесінде 713 жаңа жұмыс орны ашылуда. Оның ішінде 275 адам жаңадан кәсібін ашқан. Биыл да республикалық бюджет есебінен 575 жоба қаржыландырылып, 610 жұмыс орнын ашу көзделіп отыр. Қазір мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес сенім білдірілген өкіл айқындалып, келісім-шарт жасалды.

2024-2026 жылдарға арналған жол картасы бойынша 30 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланған, биыл 13-і іске қосылады, екі жоба аясында 9 адам тұрақты жұмыспен қамтамасыз етілген, – деді басқарма басшысының орынбасары.

Облыста су үнемдеу технологиясын пайдалану арқылы егілетін егін көлемі 4,2 мың гектарға дейін жеткізілді. Оның 3,2 мың гектары тамшылатып суару, 1,2 мың гектары жаңбырлатып суару әдісімен егілді.

**«СБ» ақпарат**

# БІРРЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК БЕРІЛЕДІ

Жыл басынан бері облыс бойынша 48 рет бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өткізілген. Онда 684 жұмыс берушіден 3 мыңға жуық бос жұмыс орны ұсынылып, 2 мыңнан астам жұмыссыздың ішінен 1397 адам жұмысқа орналасты және 30 адам оқуға жолданған.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке биылға 5,9 млрд теңге қаржы бөлінген. Жасыратыны жоқ, ұсынған жұмыстан бас тартып, атаулы әлеуметтік көмекті алуға ұмтылатындар әлі де бар. Ал мемлекеттік көмек шын мұқтаждарға берілуі керек. Жүргізілген мониторингтің қорытындысына қарағанда, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 14 811 адамға немесе 33,6 % төмендеген.

Халықтың осал топтарына барлығы 925 млн теңгеге көмек көрсетілген. Оның ішінде аз қамтылған отбасылардың коммуналдық қызмет шығындарын өтеу үшін тұрғын үй көмегі 1777 отбасына берілген. Жергілікті өкілетті органдардың шешімімен жекелеген санаттағы азаматтарға көрсетілген әлеуметтік көмектер бойынша 12 279 адамға 849,4 млн теңге төленген.

Өңірде 33 мыңнан астам мүгедектігі бар адам тіркелген, оның ішінде 6663-і – 18 жасқа дейінгі балалар. Биылға мүгедектігі бар адамдарды оңалтудың жеке бағдарламасын орындауға республикалық және облыстық бюджеттен 6,6 млрд теңге бөлініп, жыл соңына дейін оңалтудың жеке бағдарламаларын 90%-дан төмен емес көрсеткіште орындау жоспарланған. Әлеуметтік қызмет порталы арқылы 23 925 мүгедектігі бар адамның 81,5 пайызы оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес техникалық оңалту құралымен қамтамасыз етілді.

Облыста инватакси қызметін 40 автокөлік жүзеге асырады. Оның ішінде 11 автокөлік кресло-арбамен жүретіндер үшін бейімделген. Осы 40 автокөліктің қызметін қамтамасыз етуге биылға бюджеттен 124,3 млн теңге бөлінген.

Облыс әкімінің ұсынысына сәйкес биыл «100 игі іс» науқаны аясында Қызылорда және Байқоңыр қалаларына мүгедектігі бар адамдарды тасымалдауға құны 23 млн теңге тұратын 2 инватакси сыйға тартылды.

Сонымен бірге, биыл алғаш рет облыс бойынша барлық санаттағы мүгедектігі бар адамдар мен балалардың әрқайсысына 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бірреттік әлеуметтік көмек беруге облыстық бюджеттен қаржы бөлінді. Бұл қаржы 25 қазан – Республика күніне орай беріледі.

**Айсәуле ҚАРАПАЕВА**
**«Сыр бойы»**

1-бет

ЕРТЕҢ – БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ



Бүгінгі сұхбат иесі Мейрамбекті Facebook әлеуметтік желісі арқылы көптен танимын. Оны бәрі «балықбегі» деп атайды. Су байлығының жайын беске біледі. Ол туралы білімі төгіліп тұр, майын тамызып айтады. Өзі – Сыр өңірінің тумасы. Бүгінде Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданында орналасқан «Halyk Balyk» компаниясы директорының орынбасары және бас технологі қызметін атқарып жүр.
Ихтиолог, балық өсіру саласының сарапшысы Мейрамбек Пазылбековпен Қызылордаға сапары кезінде кездесіп, әңгімелесудің сәті түсті.

# ТАБИҒИ БАЛЫҚ ҚОРЫН

## ШЫҒЫНҒА ҰШЫРАТАТАТЫН СЕБЕП КӨП

***– Еліміздегі су айдындарында қанша балық түрі, қоры бар екені ғылыми түрде зерттелген бе?***

– Қазақстанның ихтиофауна құрамында балықтың 150-ден астам түрі бар. Соның 52-ге жуық түрі кәсіптік маңызы бар санатқа ие, 18 түрі Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген. Арал, Сырдария су алабына тән Сырдария тасбекіресі мүлдем жойылып кеткен. Арал бекіресі соңғы рет 55 жыл бұрын кездескен. Егістікті игеру барысында түрлі бөгеттер, су қоймалары, гидроқұрылыстар салынып, Сырдария мен Әмудария арнасы реттелгесін, олардың өрістеуіне кедергі келтірген. Өткен ғасырдың 30-жылдары ғалымдар бекірені уылдырық шашу аймағына дейін көтеріле алмағасын, Арал-Сырдария су алабына ұқсас Балқаш-Іле су алабына жерсіндірген. Жаңа мекенде ол көбейіп, жылына 600 тоннаға дейін ауланатын кәсіптік қорға жеткен. 1970 жылдары Іле өзенінде «Қапшағай» су қоймасын салып, өзен арнасын реттегесін бұл балық миграциясына кедергі келтіріп, саны азайып кеткен. Қазір ол «Қызыл кітап» тізімінде. Бірақ Балқаш-Іле алабында өте сирек болса да кездесіп тұрады. 2022 жылы «Halyk Balyk» компаниясы ресми түрде табиғи ортадан көбейту мақсатында осы балық түрінің аналық үйірін қалыптастыруға, аулауға рұқсат алды. Үкімет сол жылы 500 келі Арал бекіресін ұстау туралы қаулы шығарды. Бүгінде біздің компанияда оның аналық-ремонттық дарағы бар.

***– Сөзіңізді бөлейін, Арал мен Жайықтың бекіресі бір ме?***

– Жоқ. Бұл – Арал-Сырдария бассейнінің эндемигі, яғни байырғы түрі. Кейде «пілмай» деп те атайды. Мұның басқа популяциясы бар. Каспий пілмайы, Азов пілмайы сияқты. Бірақ бір-бірінен ерекшеленеді.

***– Енді әуелгі сұраққа ойыссақ. Балық қорының азаю, көбею динамикасына қаншалықты талдау жүргізіліп тұрады?***

– Еліміздің су айдындарындағы балық қорын анықтауды, оны аулау туралы ұсыныстарды Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы Балық шаруашылығы комитетінің тапсырысы бойынша жыл сайын талдап тұрады. Соның нәтижесінде су қоймаларынан қанша көлемде балық аулауға болатыны анықталады. Өйткені ихтиофаунадағы популяция құрылымын жойып алмау керек. Жыл сайын балық қоры биомассасының 20-25 пайызын аулауға рұқсат берілген. Қазақстанның су айдындарындағы кәсіптік қор көлемі – шамамен 55 мың тонна. Сонымен қатар шамамен 30 мың тонна тауарлы балық экспортталады. Негізгі түрі – көксерке. Импорттаушы – негізінен Еуропа елдері. Ал шетелдерден Қазақстанға шамамен 45 мың тоннадай балық импортталады. Оның басым бөлігі – албырт тұқымдас және теңіз балықтары. Ғылыми-өндірістік орталықтың көпжылдық базасына сәйкес балық қоры динамикасы жылда ауытқып отырады. Оған әсер ететін бірнеше фактор бар. Біріншісі – тұрақсыз гидрологиялық режим. Екіншісі – балықтардың көбею кезінде су деңгейі түсіп кеткен жағдайда уылдырықтардың жағада қалып қоюы, қырылып қалуы. Су деңгейінің ауытқуы азық қорына тікелей әсер етеді.

***– Елімізде, оның ішінде біздің облыстағы өзен-көлдерде, Арал теңізінде ерекше балық түрлері кездесе ме?***

– Арал-Сырдария бассейнінде ерекше болған, бірақ жойылып кеткен балық түрлері бар. Олар – Қазақстанның «Қызыл кітабына» енген Арал албырты, Сырдария тасбекіресі, Арал бекіресі, яғни пілмай. Қызылорда облысы шөлді-шөлейтті болғанына қарамастан, Сырдария өзені осы аумақтан ағып өтеді. Негізгі дақыл – күріш болғандықтан, Сырдариядан көптеген арна су алады. Кеңес одағы кезінде балық үркіту құрылғылары қолданылған еді. Олар ескіріп, істен шыққасын канал арқылы көктемгі маусымда егістіктерге балық кіреді. Ол он мыңдаған гектар күріш алқабына – бірнеше аудан аумағына кіріп, жаздың соңына қарай егіс алқабындағы су деңгейі түскесін шабақтар мен балықтар сол жерде қалып, шіріп, ит-құсқа жем болады. Әлеуметтік желіде мұндай мысал өте көп. Табиғи балық қорын шығынға ұшырататын себептердің бірі – осы.

***– Ендеше неге ондай құрылғыларды алып орнатпайды?***

– Біріншіден, Қазақстанда жасалмайды. Екіншіден, оны орнату және күтіп ұстау – қосымша шығын. Үшіншіден, мұндай құрылғылардың тілін білетін маман жоқ. Күріш шаруашылықтары негізінен жеке болғандықтан, шығындалғысы келмейтіні түсінікті.

***– Енді Сыр өңіріндегі балық шаруашылығының жайын қозғасақ. Сырдария өзенінің бір көтеріліп, бір түсуі, Арал теңізінің экологиялық жағдайы бұған қалай әсер етіп отыр?***

– Сырдарияның деңгейі көктемгі маусымда көтеріліп, көптеген аймақты су шайып кеткенін көрдік. Бірақ жаздың ортасында суы тобықтан келетіндей болып түсіп кетеді. Бұл – гидрологиялық режимнің тұрақсыздығы. Өйткені Сырдария – трансшекаралық өзен. Су жөнінен біз Қырғызстан мен Өзбекстанға тікелей тәуелдіміз. Олардың Сырдарияның суына қатысты өз мақсат-мүддесі бар. Балықтар өзен бойын өрістейтін және теңізде қалатын болып екіге бөлінеді. Өзенмен көтерілгендерінің уылдырығы өзен суымен ағып келіп, теңізге жеткенше жүзе алатын қалыпқа келеді. Ал дарияның суы тобыққа жеткенде балықтардың төменге түсуі қиындайды. Өзен өте үлкен және лай екені белгілі. Жағаны шайып, құм-топырақ шөгінділері теңізге құяр аймаққа жиналып, судың ағысына кері әсер етеді. Бұл екінші жағынан теңіздегі балықтың өзенге қарай өрістеуіне кедергісін тигізеді.

Соңғы ақпаратқа сүйенсек, Арал теңізінің «Бутаковка» шығанағындағы тұздылық мөлшері 26 промиллеге жетті. Бұл – теңіз бен мұхит суының тұздылығына жақындап қалды деген сөз. Арал теңізін мекендейтін балықтар үшін 15 промилленің өзі – үлкен қауіп. Тұздылық мөлшері 17 промиллеге жеткен кезде теңізде өмір сүретін балықтар тіршілік етуін тоқтатады. Дарияға құятын тұстағы тұздылық мөлшері – 6 промилле. Енді Арал теңізіне бөгет салу жоспары мақұлданса, теңіз ауданын үштен бірге көбейтуге, теңіз жағалауын Арал қаласына жақындатуға мүмкіндік бар. Ол үшін теңіз табанын қазу, тазалау жұмысын жүргізу керек. Сол кезде оның акваториясы үлкейіп, су тұрақтайды. Тұздылығы төмендейді.

***– Кешегі су тасқынынан балық шаруашылығына қауіп төнген жоқ па?***

– Осы көктем Қазақстан үшін ауыр жағдайда өтті. Еліміздің он облысында соған байланысты төтенше жағдай жарияланды. Шағын көлдер, өзен бойындағы тоғандар мен аква шаруашылықтарының біразы өсіріп отырған балығынан айырылып қалды.

***– Мұхиттар мен өзендерде балықтың қырылуына не себеп?***

– Әлемдегі ең үлкен проблема – экология. Су астынан мұнай өндіру, кәріз суының мұхиттар мен өзен-көлдерге көптеп құйылуы, тұрмыстық қатты қалдықтардың төгілуі ластануға әкеп соғып жатыр. Дамыған елдердің ішінде түгел дерлік теңіз жағасында орналасқан Норвегия өз территориясындағы қоқысты тауысып, көрші елдердің тұрмыстық қалдығын өңдеуді жолға қойған. Ал Қазақстандағы жағдай көңіл қынжылтады. Жазғы демалыста кез келген су қоймасының жағалауында қоқыстан аяқ алып жүре алмайсыз. Бұл халықтың экомәдениетінің төмендігін көрсетеді.

***– Жайықтың экологиялық ахуалы алтынға тең бекірені жойып жібермей ме?***

– Каспий теңізінің шекарасы бес мемлекеттің акваториясын қамтиды. Соның ішінде ең тұщы су Қазақстан мен Ресей секторында. Бес елдің келісім-шарты бойынша жылда шоқыр, қорытпа секілді бекіре тұқымдас балықтардың миллиондаған шабағы тамыз айында теңізге жіберіледі. Жайықтың ең басты проблемасы – Каспийге құяр бөлігі құм шөгіндісімен қайырлап қалуы, өзен арқылы ағып келген ағаш-бұталардың жасанды аралдар түзуі. Бұл ағып келген өзен суына бөгет болады. Кеңес одағы кезінде өзен арнасын тереңдетуге мән берілген.

Ресейдің Астрахань облысы шамамен 30 млн-дай шабақ жібереді. Бізге бекітілгені – 7 млн. Өйткені қуатымыз одан аспайды. Балықшылардың айтуынша, бекіре кәсіптік аулауда жиі кездеседі. Демек, оның қоры белгілі мөлшерде қалыптасқан деген сөз.

***– Ара-тұра кейбір өзендерден жыртқыш балық ауланғаны туралы ақпарат оқып қаламыз. Олар қайдан келеді?***

– Арал-Сырдария бассейніне өткен ғасырдың 60-жылдары каналдар қазылғасын алқаптарды қалың қамыс басып, жүздеген, мыңдаған шақырым өзен арнасын тазалау қиынға соқты. Ғалымдар сондықтан оның табиғи жолмен күресу әдісін іздеді. Қиыр Шығыстағы Амур өзенінен ақ амур мен дөңмаңдай балығын әкеліп, Сырдария өзеніне жерсіндірген. Олар осы жерде тұрақты популяциясын қалыптастырды. Ақ амур қамыс, қоға сияқты қатты су өсімдігімен қоректенеді. Халық арасындағы атауы – «сусиыр». Өзен арнасын қамыстан тазалап, оң әсерін берді. Кез келген жерсіндіру кезінде кездейсоқ балықтар еріп келуі мүмкін. Соның бірі – халық «жыланбалық» атап кеткен жыланбас балық. Жыртқыш балық әрі қолайсыз жағдайға төзімді. Балқаш-Іле су алабына еніп, Алматы облысында да жеткілікті қоры қалыптасып отыр. 90-жылдары Сыр бойынан әуесқой балықшылар апарып, өз көлдерінде ұстаған. Бөгет жарылып кетіп, «Қапшағай» су қоймасына түсіп, Іле өзені арқылы Балқашқа таралған. Жыртқыш балықтардың пайдалысы да болады. Мысалы, көксерке. Етінің құндылығы, холестеринінің аздығына байланысты бүгінде валютаға арналған түр. Майлылығы төмен, тікені аз. Сүбесі Еуропада өте жоғары бағаланады. Ихтиофауна құрамының негізінен 40 пайызға жуығы жыртқыш балықтар болуы тиіс. Жер бетіндегі аңдардың арасында қасқыр санитар болып есептеледі ғой. Қасқырды жаппай қырып тастасақ, жануарлар арасында небір ауру пайда болады. Балықтар әлемінде де солай. Табиғатта тепе-теңдік сақталуы тиіс.

***– Жерсіндірген су байлығы өмір бойы тұрақтап қала ма?***

– Тәуелсіздік алғалы бері бірде-бір балықты бір су қоймасынан екіншісіне жерсіндіру жұмысы жүргізілмеген. Өткен ғасырдың 60-жылдары көксеркені Балқашқа, сазанды Аралға апарып жерсіндірген. Арал сазаны бүкіл сазанның атасы болып есептеледі. Теңіз тартылып, тұздылығы жоғарылаған кезде жергілікті ихтиофаунадан ешқандай балық тіршілік ете алмай қырылып қалған. Сол кезде бұл жерге камбаланы әкеліп жібереді. Камбала – тұзды суда өсетін балық. Ол кәсіптік мақсатта аулана бастайды. Дамбаны тұрғызып, кіші теңіздің суы тұщылана бастаған кезде камбала өзінен-өзі жойылып кеткен. Сөйтіп, көксерке мен сазан қайта оралған екен.

***– Балық аулау құралдарының қаупі туралы не айта аласыз? Немен аулаған дұрыс?***

– Елімізде полиамидті-монотінді аулау құралына тыйым салынған. Халық оны «Қытай ауы» деп жүр. Әлемнің көптеген елі оны мәдениетті түрде қолданады. Бізде тыйым салынғасын шекарадан заңсыз өткізіліп, тығып сатады. Балықшылардың оны пайдаланатынын инспекторлар біледі. Өйткені аудың басқа түрі жоқ. Қытай ауының пайдалы жағы – шірімейді, қолдануға оңай, жіптері шатаспайды, жеңіл, бойына су жиналмайды, суда тұрған кезде көрінбейді. Керісінше жағы – өте тез тозады, жөндеуге келмейді, бағасы арзан болғасын балықшылар құрған жерінде қалдырып кете береді. Жинап жағаға әкелейін десе, инспекторлардан қорқады. Судың астында жүз жыл жатса да шірімейді. Оған түскен шабақ, шаян шіріп, қоқысқа айналады. Су борсып, жанына ештеңе жолай алмайтын күйге түседі. Осы күні Қытай ауын қолдануға рұқсат беру туралы ұсыныс айтылып жүр. Ғалымдар оны QR кодпен бақылауға болатынын алға тартып отыр. Мұның екінші жағында «біз бұған қаншалықты дайынбыз, оған экомәдениетіміз жете ме?» деген сұрақтар тұр.

Полиамидті-монотінді аудан бөлек шанышқы пайдаланғаны, балықты электр тоғымен ұрып аулағаны үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Токтың қауіптілігі сол, белгілі бір радиустағы балықтар су бетіне қалқып шығады. Тірі қалғаны ұрпақ әкелмейтін жағдайға түседі.

***– Енді немен аулаған дұрыс?***

– Жылым, кермеше, құрма ау, қармақ сияқты заңмен рұқсат етілген аулау құралдары бар.

***– Әңгімеңізге рахмет!***

Сұхбаттасқан
**Назерке САНИЯЗОВА,**
**«Сыр бойы»**



Фото: Ашық дереккөзден

**Руслан РҮСТЕМОВ,**
**Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты:**

# «ӨСКЕН ӨҢІРДІҢ ӨМІРІ

***– Руслан Рүстемұлы, Сенат депутаты болғаныңызға бір жарым жылға жуықтады. Аса жауапты осы міндетте әсіресе, ұлттық идеология төңірегінде ұтымды ойлар, ұсыныстар айтып келесіз. Жуырда көтерген анимация саласына қатысты сауалыңыз қоғамда жан-жақты пікір туғызды. Шын мәнінде, бұл – өте өзекті мәселе. Тіл, ұрпақ тәрбиесі, ұлттық болмыс деген құндылықтар толғақты күйге келді. Алдымызда не тұр? Алдымен осы тарапта ой сараптасақ...***

– Ең алдымен, сұхбатқа шақырғаныңыз үшін ризашылығымды білдіремін.

Идеологияның түпкі мақсаты – ортақ діл қалыптастыру, ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу болуға тиісті деп санаймын. Ал екінші ұстаз Әл-Фараби «Тәрбиелеу дегеніміз – адамның бойына білімге негізделген этикалық құндылықтар мен өнер қуатын дарыту» деген екен.

Заман дамып, технология алға озған сайын біздің балаларымыз руханиятымыз бен салт-дәстүрімізге негізделген құндылықтардан, өмір салтымыздан алыстап барады. Себебі біз олардың күнделікті тіршілігін, айналасын, тұтынатын контенттерін төл руханиятымызға сабақтай алмай отырмыз.

Біздің мұндай қасиетті ұғымдарымыздың бастауы – фольклор, жыр, дастан, ертегі, қиссаларымызда. Бұл құндылықтарды біз балаларымыздың бойына ерте бастан қондыра білсек, олар ешқандай жат ағымдарға ілікпейтін діңгегі берік, рухы асқақ, мызғымас тұлға болып қалыптасары сөзсіз. Алайда біз оларға осындай дәстүрлі танымды сіңірудің алғышарттарын жасай алмай отырмыз деп санаймын.

Бұрынырақ, отбасы институтының қағидаты берік кезде осы құндылықтарды біз ата-әжелерімізден жадымызға тоқыдық. Бұл контенттер арқылы жақсылық пен жамандықты, мейірімділік пен жауыздықты, ізгілік пен озбырлықты айыратын танымды сіңірдік. Соның арқасында батылдыққа, елдікке, әлсізге көмекке ұмтылатын асқақ ұғымдарға үйір болдық.

Ал бүгінде ше? Бүгінгі таңда бала тұрмақ, жас ата-аналардың басым көпшілігі бұл құндылықтарды игере алмай отыр. Олардың түсінігінде бала тәрбиелеу тек оны ас-су, жылы орын, киім-кешек, тағы басқадан мұқтаж етпей өсіру болып қалды. Ал баланың әлемді тануға ұмтылатын рухани болмысы бар тұлға екенін ойлау кемшін түсуде. Бұл – өте алаңдатарлық тенденция.

Сол себепті, өзімнің бірқатар депутаттық сауалымда ұрпақ тәрбиесінде шұғыл түрде ескеретін кейбір мәселелерді ұсындым.

Атап айтқанда, балалар санасында еліктеушілік тудыратын батыр бейнелерді қалыптастыруымыз керек. Біз ұлттық-фольклорлық жыр-дастандарымыздағы Алпамыс, Ер Төстік, Қобыланды, Ер Тарғын және ел қорғаған Бөгенбай, Қабанбай, тағы басқа батырлардың, сондай-ақ Саққұлақ, Көлтауысар, Таусоғар сынды кейіпкерлердің бірегей бейнесін жасай алмай келеміз. Бұл кейіпкерлер кітаптарда, анимациялық фильмдерде автордың қиялына сәйкес әртүрлі бейнеленіп жүр. Сондықтан оларды балалар танымайды, еліктемейді.

Екіншіден, бізде әлі де ұлттық контент жеткіліксіз, тіпті өте аз деуге болады. Содан болар, балалардың тілі өзге тілде шығып, таным-түсінігі қалыптасуда. Бұл – ұлттың келешегі үшін өте қауіпті құбылыс. Сол себепті, ұлттық контент қалыптастыруға стратегиялық деңгейде маңыз беріп, ұлттық кейіпкерлеріміз бен жыр-дастандарымызға негізделген шығармашылық өнімдерді субсидиялау



мүмкіндіктерін қарастырған жөн.

Сөз басында өзіңіз атап кеткендей, ұлттық анимацияны дамыту мәселесі бойынша да депутаттық сауал жолдадым. Ұлттық анимация өнері бүгінгі күйінде кенжелеп қала берер болса, бұл – ұлттың келешегі үшін өте қауіпті құбылыс. Себебі, анимация жаһанданудың ең маңызды құралына айналды. Әлемнің озық елдері анимацияға стратегиялық деңгейде мән беріп, өзінің ұлттық құндылығын өзге елдерге дарытуда. Депутаттық сауалымның және оған Үкіметтің жауап хатының мәтіні бұған дейін әлеуметтік желіде жарияланды, сол себепті оған тоқталып, оқырманның уақытын алмағанды жөн көремін.

Қорыта айтсақ, біздің әдебиетімізде, фольклорымызда, ертегі, жыр-дастандарымызда тақырып та, мазмұн да, контент те әбден жеткілікті. Тек оны тартымды заманауи форматқа салып көпшілікке жеткізу ғана қалып отыр.

Әрине, алдағы уақытта елімізді мол игіліктер күтіп тұрғанына сенімдімін. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өтпелі кезеңде елде орын алған саяси-экономикалық дағдарыстардың себебін талдап, салдарын саралаумен қатар, алдымызға нақты міндеттер қойды. Ауқымды бастамалар қоғамда әділеттілік принциптері жүзеге асып, халықтың әлеуметтік жағдайы оңалуынан көрінетін болады. Яғни біздің алдымызда тұрған маңызды міндеттің бірі – заңның мүлтіксіз орындалуын, тәртіптің қатаң сақталуын толық қамтамасыз ету.

Екіншіден, ел азаматтарының тұрмыс сапасын іс жүзінде жақсарту маңызды.

Үшіншіден, инвестиция болса, экономика қарқыны үдей түседі және жаңа мүмкіндіктер пайда болады.

Төртіншіден, «қазына қаражатына» деген көзқарасымызды өзгертіп, оны тиімді, жөнімен әрі үнемдеп жұмсауға тиіспіз.

Бесіншіден, ұлт үшін аса маңызды шешімдер референдум арқылы ғана қабылданады.

Конституциялық реформаларға сай саяси реформалар кезең-кезеңімен іске аса бастады. Мұның көрінісін көппартиялы Парламент жасақталғанынан көруге болады. Сондай-ақ Үкіметтің өкілеттігі кеңейе түсті. Енді Президент Әкімшілігі елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты стратегиялық бағыттарға жауап бермейді, саяси штаб ретінде жұмыс істейді. Яғни түрлі салаға қатысты шешімдерді қабылдау құқығы Үкіметке өтті. Аймақтардың бюджетке қатысты дербестігі арта түсті. Мұның бәрі атқарушы биліктің жауапкершілігін арттырып, сайлаушылар сенім білдірген өкілді орган «бақылаушы қызметін» іске асыратын саяси құрылым ретінде ілгерілеп, қоғамды демократияландыруда шешуші рөл атқарады.

***– Ұлттық идеология дегеннен шығады. Бірде қазақ жастарының әскерге деген қабілет-қарымы туралы айттыңыз. Сонда әскерге міндетті борышкерлердің 10 пайызы ғана ынталы деген дерек келтірілді. Бұл нені аңғартады? Жастар неге құлықсыз? Парламент тарапынан қандай да бір пәрмен бар ма?***

– Кешегі Алаш қайраткерлерінің ұлттық мемлекет құру идеясын ұлттық жасақтарды құрудан бастағаны бекер емес. Олар жалпы қарулы күштерге, әскерге өте терең мән берген. Біздің буынымыз да әскерге бармауды ұят санайтын, өзім де 2 жыл әскери борышымды өтедім.

Елімізде әскердің жоғары жауынгерлік қабілетке ие болуы үшін барлық жағдай жасалуда. Әлемдегі әскери саладағы беделді сарапшылардың пікірінше, қазақ армиясы ТМД елдері әскерлерінің қатарында екінші орынға ие екен.

Алайда, жасыратыны жоқ, бүгінгі қоғамда әскер жайлы бірқатар жайсыз әңгіме де кездеседі. Қалың қазақтың ортасынан шыққан соң елдегі жағдай маған белгілі. Әскерге баласын жібергісі келмейтіндер де баршылық. Осы мәселе мені көптен толғандыратын. Халық сауалына орай Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті өткен жылы Қазақстан әскеріне жауапты тұлғаларды шақырып, ортақ мүдде тұрғысында ашық сұхбат жасады.

Бір мәліметтерде әскерге міндетті борышкерлердің кейбірі енжарлық немесе қорқақтықтан бас тартса, бірқатары жарамсыздық себебінен әскерге бармайды екен. Тек 10 пайызы ғана өздігінен әскерге баруға ынталы. Ойланарлық дерек!

Әскеріміздің айбыны асқақ болуы үшін ел болып атқарар шараларымыз аз емес. Қазір біздің алдымызда әскердегі әлімжеттікті жою міндеті тұр. Мемлекеттік тілдің әскердегі қолданыс аясын әлі де жетілдіру қажет. Бұдан басқа да түйінді жағдайлар кездесіп қалады. Міне, сұхбатымыз қоғамды толғандырған осындай сауалдардың аясында өрбіді.

Әрине, біз әскери мамандарға ақыл айтудан аулақпыз. Дегенмен, кешегі Кеңес Одағының кезінде әскерде керзі етікті киіп, борышын өтеген азамат ретінде осы кездесуде бірер мәселені ортаға салдым. Атап айтқанда, Қорғаныс министрлігінің өкілдеріне мемлекеттік тілде ақпараттық саясатты күшейту қажеттігіне назар аударуды ұсындым. Себебі, әскери бөлімдердегі сапта тұрған сарбаздардың басым көпшілігі – ауыл балалары.

Әрине, қазір заман өзгерді, уақыт та басқа. Біз бейбітшілік сүйгіш ел ретінде өзгелермен әскери күшімізді салыстырудан аулақпыз. Қазір жаңа технологияның заманы, жастар соларды игеруі керек. Ал оны игерген жастарымыз ең біріншіден ұлттық идеологиямен қаруланurы қажет. Құдайға шүкір, қорғаныс саласында газет-журналдарымыз бар. Осы мерзімді басылымдарда батырлар жырынан, жауынгерлік рухты күшейтетін жырлардан үзінділер беріліп тұруы тиіс. Мысалы, Махамбеттің «Егеулі найза қолға алмай, Еңку-еңку жер шалмай» деп басталатын жырын әскери газетке жариялап, осы шығарма қандай жағдайда туды, соны түсіндіріп жазу керек. Мен ол өлеңнің тарихын қарадым. Қарашаның қара түнінде Жайықты кешіп өтіп, көп шайқастан әбден шаршаған, жауынгерлерінің сенімі азайып, көңілдеріне күдік ұялаған сәтте олардың рухын көтеріп, намысын жану мақсатында айтқан екен Махамбет бабамыз.

Әрине, барлығы әскердің беделіне келіп тіреледі. Әскерге балаларымыз бармайды дейміз. Осы проблеманың түп негізінің бірі отбасылық тәрбиенің әлсіреуінде, әке беделінің төмендеуінде деп ойлаймын. Әскери қызметті үздік өткеріп жатқан сарбаздардың ата-аналарын неге насихаттамасқа, яғни Әкелер, Аналар кеңестері де осы бағытта қоғамдық жұмыстар жүргізгені жөн.

***– Ғылымға бетбұрыс көңіліңізден шыға ма?***

– Ұлы Әл-Фарабидің «Ғылымы жоқ елдің болашағы бұлыңғыр» деген сөзі бар екен. Олай болса, қазіргі ғылыми-техникалық жылдам өзгерістерге толы кезеңде әр мемлекет көштен қалмас үшін ғылымды дамытуға айрықша маңыз берері сөзсіз.

Әлемнің озық елдерінде ғылымды қаржыландыру көлемі жалпы ішкі өнімнің 1 пайызынан кем емес екендігі белгілі. Осы орайда, Президент Үкіметке отандық ғылымды қаржыландыру көлемін кезең-кезеңімен осы деңгейге жеткізу жөнінде нақты міндет жүктеді.

Жуырда өткен Ғылым және технологиялар жөніндегі Ұлттық кеңесте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Ғылымсыз ел құрдымға кетеді. Ал ғылымы озық ел кез келген дағдарысты еңсере алады. Ғылым өркендесе, экономика да өркендейді. Яғни халықтың әл-ауқаты артады. Түптеп келгенде, ғылым азаматтардың тұрмысын сапалы, болашағын жарқын етуге тиіс», – дегені белгілі.

Президент ғылым күнделікті тұрмыста қолданысы мол сала болуға тиіс екендігін айтып отыр. Сол себепті, Үкіметке экономиканың жаңа моделін құру міндетін жүктеп, ғылыми қоғамдастық пен бизнес арасында байланыс орнату және ғылыми зерттеулердің нәтижелерін өндіріске енгізудің мүмкіндігін арттыру мақсатында әкімдіктер жанынан ғылыми кеңестер құруды ұсынды. Бұл шаралар ғылымның экономикамызға қосар үлесін арттырары анық.

Осы бағытта Парламент тарапынан да нақты қадамдар бар. Отандық ғылымды дамытуды және ғылыми зерттеулердің нәтижелерін өндіріске енгізу мақсатын көздейтін бірқатар жаңа заңдар қабылданды. Өз тарапымнан қосар болсам, экологиялық аймақ санатындағы Қызылорда облысында топырақ құнарын арттыру, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімді пайдалану негізінде өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін ғылыми сүйемелдеу қажеттігі туралы депутаттық сауалымды Үкіметке жолдадым.

Сұхбаттың орайында өңірдегі «Сыр бойы», «Ақмешіт ақшамы» басылымдарында да ғылым мәселелеріне арналған материалдардың жиі жарық көріп жүргенін айтқым келеді.

***– Енді өңірге ойыссақ. Сіз кезекті бір депутаттық сауалыңызда Сырдағы су ресурстарын тиімді пайдалану және суды реттеудің бірыңғай жүйесін қалыптастыру мақсатында барлық су нысандарын республикалық меншікке алу жөнінде бастама көтердіңіз. Аймақ экономикасы, экологиясына қатысты өте өзекті мәселеден қандай да бір нәтиже күтуге бола ма?***

– Су – ресурс ретінде әлеуметтік-экономикалық дамуымыздың негізгі тірегі. Сусыз өндіріс пен ауыл шаруашылығы саласын дамыту, табыс табу әсте мүмкін емес. Мемлекет басшысы өз Жолдауында су үнемдеу технологиясын кеңінен енгізу, суды үнемдеп пайдалану мәдениетін дамыту, жаңа тариф саясатын қалыптастыру жөнінде кеңінен тоқталып, атқарушы органдарға нақты міндеттер жүктеді. Сарапшылардың пайымдауынша, гидромелиорация саласының мамандарын даярлау жұмыстары да жетілдіруді қажет етеді. Сондай-ақ қазіргі қолданыстағы «Су кодексі» суды шаруашылық мақсатқа пайдалану тәртібін ғана реттейді, ал су ресурстарын сақтау және тиімді пайдалану шараларына ықпалы мен мүмкіндігі өте төмен. Сол себепті жаңадан қабылданатын «Су кодексінде» осы мәселелер қамтылғаны жөн. Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында өткен жылы құрылған салалық министрлік қалыптасқан жағдайды шұғыл сараптап, барлық деңгейдегі су шаруашылығының жұмысын тиімді үйлестіруді қолға алуы тиіс деп санаймын.

Аралды қалыпты деңгейде сақтау үшін жыл сайын кем дегенде 3 млрд текше метр көлемінде су құйылуы қажеттігін ескерер болсақ, Солтүстік Аралдың жағдайы өлі аумаққа айналған Үлкен Арал теңізінің тағдырын қайталамауы үшін Су ресурстары және ирригация министрлігі «Көкарал» бөгетін жөндеу және Сырдария өзенінің Кіші Аралға құяр атырабын қалпына келтіру жобасын жедел арада жүзеге асырмаса, жағдай күрделене түсуі мүмкін.

Қызылорда облысының әкімдігі Сыр бойында су тапшылығын азайту бағытында ауқымды шаралар жүргізуде. Су нысандарын құжаттандыру жұмыстары атқарылды. Сондай-ақ облыста суармалы жерлерді қалпына келтіру мақсатында 3 жоба әзірленген.





# ЖАРҚЫН ДЕП АЙТУҒА ТҰРАРЛЫҚ»



Әзірге олардың біреуі (ПУИД-2) іске асырылуда. Осы жобалардың барлығы жүзеге асқан жағдайда инженерлік жүйеге келтірілген суармалы жерлердің 80%-ы қалпына келетінін айтады су мамандары. Өңірдің бұл жұмысты таяу уақытта аяқтап шығуы үшін орталықтан қолдау қажет.

Жоғарыда өзіңіз айтқандай, Сырдағы суару желілерінің қанағаттанғысыз жағдайына байланысты Қызылорда облысы жыл сайын шамамен 2 млрд текше метр су шығынына ұшырайды екен. Бұл дегеніңіз – жалпы республикадағы жыл сайынғы су шығынының жартысы. Сол себепті, Сенаттың Аграрлық комитетінің Қызылорда облысындағы көшпелі отырысында облыстағы су каналдарының мәселесін көтеріп, оларды жөндеуден өткізу жұмыстарын жүйелеу үшін жалпы ұзындығы 12 мың шақырымға жуық су каналдарын республикалық меншікке қабылдауды ұсындым. Бұл депутаттық сауалым бойынша Үкіметтің жауабын әлеуметтік желіде жариялағанмын.

Әрине, Мемлекет басшысының қолдауымен су тапшылығын төмендетуге нақты шаралар қабылданды. Президентіміз аталған күрделі мәселені саясиландыруға жол бермей, Сырдария өзенінің жоғары ағысында орналасқан мемлекеттермен нәтижелі келіссөз жүргізіп, тиісті көлемдегі судың бөлінуіне жағдай жасады. Ал трансшекаралық өзендер арқылы ел аумағына келген суды тиімді пайдалануды үйлестіру – Үкіметтің тікелей жауапкершілігі.

Жалпы өңірлерді дамыту – Сенат қызметіндегі негізгі басымдықтардың бірі. Өзім – Парламент депутаты болып сайланған мерзімнен бері Сенат жанындағы «Өңір» депутаттық тобының мүшесімін. Осы уақыт аралығында аяқсумен қамту мәселелері аясында «Қазақстан» ұлттық арнасының «Ашық алаң», «Хабар 24kz» арнасының «Күн тәртібі» бағдарламаларына тікелей эфирде бірнеше мәрте қатысқанымды, одан бөлек, «Тамшының тырсылы» деректі фильміне, «Қызылорда» телеарнасының «Арнайы сұхбат» бағдарламасына сұхбаттар бергенімді, Сыр өңіріне келген әр сапарымда су саласының мамандарымен кездесетінімді, еліміздің бас басылымы – «Егемен Қазақстан» газетінде су тақырыбына мақалаларым жарияланғанын жерлестерім біледі деп ойлаймын. Одан бөлек, бір жарым жылға жуық уақыттың ішінде ел Үкіметіне Сырдағы су тапшылығы, топырақтың тұздануы, облыстың мұнай экспорты көлемін ұлғайту мәселелеріне арналған бірнеше депутаттық сауал жолдадым және Сыр топырағының тозуы мен тұздануының алдын алу жөніндегі депутаттық сауалымның негізінде «Хабар» арнасы арнайы сюжет түсіріп, эфирде көрсеткенін айта кетейін.

Сондай-ақ Парламенттегі Сыр бойынан сайланған әріптестерімізбен бірге Қызылорда облысының түрлі әлеуметтік-инфрақұрылымдық жобаларын республикалық бюджеттен қаржыландыру бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдармен бірлескен жұмыстар жасап келеміз.

***– Облысқа әрбір сапарыңызда жақсы істердің, маңызды бастамалардың куәсі болып жүрсіз. Өңірдің бірқатар саласында басшылық жасап, бірқатар аудандарды басқардыңыз. Қазіргі өзгерістер қандай ой қалдырады?***

– Ата-бабамыздың қасиетті төрі саналатын Сыр өңірінен алыста жүргендіктен туған жерімізге қатысты әрбір ақпаратқа елеңдеп отырамыз. Аймақта күн санап жаңашыл жаңалықтар қосылып жатыр.

Өткен жылдың күзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қызылорда облысына жұмыс сапары барысында өңірдің өсіп-өркендеген үлгісіне, аймақтағы инвестиция тарту игіліктеріне, өндіріс ошақтарының іске қосылуына, жұмыс орындарының барынша ашылуына оң бағасын берді. Міне, сол ерен еңбек бүгінде еселене түсті.

Әлбетте барлық мәселенің шешілу түйіні қаржыға байланысты. Қаржы мөлшері артқан сайын істің де көлемі, жан-жақты жүйелеу жобасы да артады. Оны біз бюджет қазынасының бағамынан-ақ байқадық.

Әлі есімде, осыдан екі жыл бұрын облыс бюджеті 360 млрд теңгені құраған еді. Ал 2024 жылдың көрсеткіштерінің өзіне көз салсақ, облыс бюджетінің көлемі 622 млрд теңгеге жетіпті. Жыл ішінде нақтылау жұмыстары арқылы облыс бюджеті тағы өсіп, бүгінде 708 млрд теңгені құрап отыр екен. Соған қарап-ақ аталған ауқымды қаражат аймақтың өзекті мәселелерін шешуге, өңір тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға негізделгені анық. Қаржылық жағдайдың өсу динамикасы уақыт үдесімен алға озып келеді. Әрине, бұл – үлкен белес!

Өткен жылдың қорытындысымен де Қызылорда облысы экономиканың негізгі салаларындағы өсімнің нәтижесі бойынша аймақтар арасында көш бастағаны қуантты. 2023 жылдың тамыз айынан бері негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер нәтижесінде елімізде алғашқы үштікке енгені де белгілі.






Сыр өңірі қарқынды құрылыс алаңына айналды. Үкіметтің бастамасымен Қызылорда облысының осы саладағы тәжірибесін басқа аймақтарға тарату мақсатында Қызылорда қаласында барлық облыстардың құрылыс мамандарының қатысуымен республикалық семинар өткізілгені де бұл ойымызды қуаттай түседі. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 21 мектептің құрылысын салу, тұрғын үй ғимараттарын салу және жаңғырту, «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолын қайта жаңғырту, заманауи жылу-электр станциясының, жеке құрылыс салушылар есебінен коммерциялық объектілердің құрылысы, кен орнын жақсарту, ұңғымаларды пайдалану есебінен өңір экономикасының құрылыс және инвестиция көлемінде өсім қамтамасыз етілуде. Жаңа нысандар халық сұранысына сай әлеуметтік жағдайды жақсартуға бағытталғаны белгілі. Мынадай мол сыбаға өткен уақыттың өнегесін өлшеп, келер күннің кемелдігін көрсеткендей әсер берді.

Жасырып қайтеміз, «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық автодәлізімен Қызылорда облысының аумағына енгеннен бастап әрбір елді мекен ерекшеленіп тұрады. Алыстан менмұндалап, самаладай жарық шамы жарқырап, ауыл бейнесі аңғарыла түседі. Тастай қараңғы түнек, ауызсудың әлегі, жол қиындығы өткен шақтың елесіндей ұмыт болды. Қазір бәрі өзгерген, жаңарған, жасарған, жаңғырған.

Орайы келгенде айтылғаны жөн, мысалы Қызылорда облысында кәсіпкерлердің демеушілігімен әлеуметтік нысандардың құрылысын салу дәстүрге айналған. Бұл мақсатқа бюджеттен тыс қаржы көздерінің есебінен жалпы жиыны 37,6 млрд теңге бағытталған екен. Ол нысандардың қатарында «Анаға тағзым» орталығы, музыкалық колледждің 650 орындық оқу ғимараты мен 350 орындық жатақханасы, 200 орындық «Оқушылар сарайы», 100 орындық орта мектеп, 50 орындық «Өнер мектебі», «Кәсіпкерлер үйі», «Қорқыт Ата» әуежайының жаңа ғимараттары, мәдени-демалыс парктері бар. Қызылорда қаласындағы теміржол вокзалы да бюджеттен тыс қаржы есебінен қайта жаңғыртудан өткізілді. Сондай-ақ Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаевтың бастамасымен Сыр өңірінде 2024 жыл – «Руханият жылы» болып жарияланып, барлық аудан орталықтарында «Руханият» орталықтарының салынуы да өзге аймақтарға үлгі болуға тиіс.

Бір сөзбен қайырғанда, өскен өңірдің өмірі жарқын деп айтуға тұрарлық. «Береке көзі – бірлікте» деген қағиданы берік ұстанатын сырбойылық жерлестеріміз мұны Мемлекет басшысының қамқорлығы деп біледі. Сұхбатты пайдаланып, Сырдағы барша жерлестеріме амандық, әрбір отбасына ырыс-ынтымақ тілеймін.

***– Жалпы бүгінгі сұхбат төркіні ұлттық идеологиядан өрбіді. Айтыңызшы, қазіргі БАҚ алдында қандай міндет тұр?***

– 1870-1882 жылдар аралығында шыққан «Түркістан уәлаяты» алғашқы қазақтілді газет болды. Егер осы өлшеммен алатын болсақ, қазақ журналистикасына 160 жыл болған жоқ. Ал Еуропа елдерінде ілгерірек, XVI-XVII ғасырлардан газеттер ақпараттық мән алып, тарала бастады. Қазіргі ақпараттық заманда әлем жұртына батыстың сөзі жедел жетуінде тарихы терең баспасөзінің әсері бар деп ойлаймын. О баста батыста газет-журналдар ақпарат тарату көзі ретінде бағаланса, біздің елде ағартушылық сипаты басымдыққа ие еді. Расында, газет қазақ қоғамының алдыңғы қатарлы зиялыларының ағартушылық қызметі, ұлттық бірегейліктің қалыптасу факторы болды. Бүгінгі газеттер осы миссиясынан айнымауы тиіс деп санаймын.

Ғасырлар бойы қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық байланыстар шытынап, әлемдік геосаяси мәселелер шиеленісе түсті. Мұндай кезде ақпараттық талас-тартыс күшейіп, ел-жұрт ақ пен қараның аражігін ажыратуы қиындай түскенін көріп отырмыз. Әркім өзінікін дәріптеп, соған қоғамды сендіруге күш салуда.

Елдік те, ерлер де сыналатын алмағайып кезде журналистиканың кәсібилігі маңызды екенін айтқым келеді. Мемлекеттік саясатты жүргізуде тілшілерге сергектік, салқын сана, белсенділік керек. Онсыз дамудың өрісін табу қиын. Салалық журналистика, әсіресе, экология, экономика, құқық және тағы басқа тақырыптарға мән берген дұрыс. Журналистер ақпарат беруден бөлек, елдіктің бағыт-бағдарына баға беріп, атқарылып жатқан байыпты бастамаларды жан-жақты насихаттап, келешек жүктеп отырған мәселелерді танып, биліктің назарын соған аударғаны жөн. Сонда ғана журналистердің қоғамдағы мәртебесі арта түседі.

Менің ойымша, отандық журналистиканы ілгерілетуде мемлекеттік тапсырыстың формасын өзгерту керек сынды. Сараптамалық мақалалар, журналистік зерттеулер, жолсапар очерктер, мазмұнды сұхбаттарды көбейткен жөн. Сонда басылымдардың мазмұны байып, оқырмандардың талғамы артады.

Жуырда Президент «Масс-медиа туралы» заңға қол қойды. Жаңа заңда бірқатар тың ережелер қарастырылды. Атап айтқанда, бұқаралық ақпарат құралдарымен қатар, интернет-ресурстарды да қамтитын «масс-медиа» деген жаңа әрі анағұрлым кең ұғым енгізілді. Мемлекеттік ақпараттық саясат жүзеге асырылатын Бірыңғай медиа платформа құру көзделген. Оның ішінде мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдарына гранттар беру, аккредиттеудің оңайлатылған тәртібі арқылы (аккредитация карталарын берудің автоматтандырылған процесі) журналистерді мемлекеттік органдар мен ұйымдарға тіркеу және басқа да міндеттер қарастырылған. Журналистер үшін қосымша құқықтық кепілдіктер белгіленген. «Журналистің ерекше мәртебесі» деген ұғым енгізілді, яғни журналистің құқықтары мен бостандығының қорғалуы көзделіп, олардың ақпарат іздеу, сұрату, алу және таратуы оңтайланды. Осы міндеттерді жүзеге асыру аясында қызылордалық журналистер қауымына шығармашылық шабыт, еңбек жемісін тілеймін.

***– Руслан Рүстемұлы, уақыт бөліп, келелі ой-пікірлеріңізді бөліскеніңіз үшін рахмет. Елдік мүдде жолындағы еңбегіңізге табыс тілейміз.***

Сұхбаттасқан
**Қуат ШАРАБИДИНОВ,**
**«Сыр бойы»**

Технологиялық жетістіктердің өмір сүру сапасын жақсарту, ақпарат пен қызметтерге қолжетімділікті арттыру сияқты көптеген артықшылықтары бар. Кейінгі 20 жылда медицинада компьютерлік технологияны қолдану қарқынды дамуда. Ғылым мен техникалық прогрестің арқасында бұрынғыдан да нәтижелі емдеу тәсілдері, халық денсаулығын жақсартуға мүмкіндік беретін технологиялар үнемі жаңарып отыр. Адамзаттың игілігі үшін жасалып жатқан озық технология бүгінде өз жемісін беруде.

# НАҚТЫ. ДӘЛ. ЖЫЛДАМ

## медицинадағы озық технология жетістіктері



Денсаулық сақтау саласына жалпы медицинадағы тың идеялар мен технологиялық жаңалықтар өзінің оң әсерін тигізетіні сөзсіз. Медицинаның әрбір бағыты жоғары деңгейлі технологияны талап етеді. Бұл емдеу процедураларының сенімділігін арттыруға көмектеседі. Науқастың үміті үзіліп, ауыр жағдайға тап болғанда өмірін сақтап қалуға мүмкіндік тудырады. Адамның денсаулығы мен өміріне, қызметкерлердің сеніміне, клиниканың лайықты беделіне деген жауаптылықты арттырады.

Қазір медицинада инновациялар көп. Бұл салаға жыл сайын қыруар қаржы құйылады. Нәтижесінде медицинадағы инновациялар өте жоғары қарқынмен пайда болуда.

### ЖАҢА ЖАБДЫҚ – ЖАНҒА ШИПА

Жақында Қазалы теміржол ауруханасы соңғы үлгідегі шетелдік компьютерлік томографияға қол жеткізді. Neusoft Medical – қытайлық компаниясының жасап шығарған жабдығы қызметкерлер мен науқастардың уақытын үнемдемек. Аталған компания – медициналық бейнелеу шешімдерінің жетекші әлемдік провайдері. Neusoft Medical штаб-пәтері Қытайда, кеңселері әлемнің он елінде орналасқан. Компания медициналық бейнелеу саласындағы өз әзірлемелерін үнемі жетілдіріп отырады. Neusoft Medical КТ, МРТ, ангиографтар, рентген аппараттары, ПЭТ/КТ, радиотерапия жүйелері, ультрадыбыстық сканерлер және INVITRO диагностикалық аппараттарын шығарады. Пациенттерді диагностикалау мен емдеуде денсаулық сақтау мекемелерінің мүмкіндіктерін кеңейтетін басқа технологиялармен бірге IT шешімдерін әзірлеумен айналысады. Жаһандық ғылыми-зерттеу орталықтарында ғылыми әзірлемелер жүргізуде. Олар Хьюстон, Сеул, Бейжің, Шанхай, Шэньян, Гуанчжоу және Нанкинде орналасқан. Neusoft Medical медициналық бейнелеу шешімдерінің технологияларын ілгерілетуге арналған әлемдік деңгейдегі ғалымдармен, денсаулық сақтау мекемелерімен серіктес.

– Медицина саласындағы жаңа ашылулардың жоғары қарқыны тек ақша үшін ғана емес, адамдардың өмірін жеңілдету, жақсырақ және ұзағырақ ету үшін жұмыс істейтін энтузиастардың көптігімен де байланысты. Медицинаның бір басым бағыты жоқ. Сондықтан инновациялар қаншалықты көп болса адам үшін соншалықты маңызды.

Кейінгі бірнеше онжылдықта заманауи медицина алға үлкен қадам жасағанын атап өткен жөн. Ғалымдардың сансыз жетістіктерінсіз бұл мүмкін емес еді. Қазіргі уақытта ғылымның медицинадағы рөлін асыра бағалау қиын. Заманауи технологиялық жетістіктердің арқасында қазір эндоскопия, ультрадыбыстық, компьютерлік томография және магнитті-резонанстық томография сияқты диагностикалық әдістер бар. Соның нәтижесінде біз неге қол жеткіздік деген сауал туындауы заңдылық.

Медицинадағы ғылымның жетістіктері шынымен де орасан зор. Ең алдымен, дәрігерлер бұрын пациенттердің қалыпты өмір сүруіне мүмкіндік бермеген ауруларды сәтті емдей алуда. Сонымен қатар көптеген ауруды олардың дамуының ең ерте кезеңінде диагностикалау мүмкін болды. Инновациялар пациенттердің өмір сүру ұзақтығын айтарлықтай арттыруға көмектеседі, – дейді Қазалы теміржол ауруханасының директоры Құбыл Ршымбетов.

### БІРНЕШЕ МИНУТТА ТОЛЫҚ ДИАГНОЗ

Ұзақ уақыт бойы ғалымдарда адам ағзасына әсер еткен микроағзалардың бар-жоғын және табиғатын тез анықтайтын жабдық жасау идеясы болған. Қазіргі уақытта мұндай зерттеуге күндер емес, апталар қажет. Медицинадағы соңғы жаңалықтар бұл жағдайдың ұзаққа созылмайтынына үміт береді. Өйткені швейцариялық ғалымдар бірнеше минут ішінде белгілі бір ортадағы микроорганизмді және оның белгілі бір түрге тиесілігін анықтауға қабілетті аппараттың прототипін ойлап тауып, жасай алды. Болашақта бұл кез келген жұқпалы ауруды ұтымды емдеуді дәл тағайындауға мүмкіндік береді. Аурудың ұзақтығы мен ауырлығын қысқартып қана қоймайды, сонымен қатар асқынудың алдын алады.

Жиырма бес жыл еңбек өтілі бар Қазалы теміржол ауруханасы сәулелік диагностика бөлімінің меңгерушісі Ғалымжан Темірбекұлы Neusoft Medical компаниясының компьютерлік томография аппаратының жұмыс қуатының зор екенін айтады.

– Бұл құрылғының бұрынғылардан өзгешілігі 128 кесінді жасайды. Бір айналымды 7 секундта түсіреді. Сонда 1 минутқа жетпей ағзаны толық түсіруге қабілетті. Сыр өңірінде алғашқы болып теміржол ауруханасы осы заманауи жабдыққа қол жеткізді. Бұнымен адамның дене мүшелерін түсірген кадрлар анық. Миды, ішкі құрылысты түсіруге өте қолайлы. Науқас бойындағы жасырын дертті анықтауға мүмкіндігі мол. Мәселен, бірінші сатыдағы қатерлі ісіктерді анықтайды. Қосымша «Инжектор» деген аппараты бар. Сол арқылы тамырға арнайы контрастық сұйықтық жіберіп, ағзаның ішкі жайын бақылауға болады. Тамырдағы қан ұйып қалуы мен жүректегі ақауды анықтайды. Жылдамдығы зор болғандықтан бір күнде 80 адамды қабылдауға қауқарлы. Сонымен бірге 24 сағат тоқтаусыз жұмыс істейді. Денсаулық жағдайын тексеру үшін еңкейген кәріден, еңбектеген балаға дейін түсуіне рұқсат. Бойындағы әшекеймен де, темір тіспен де түсе алады. Хал-жағдайынан хабардар болғысы келетіндер арнайы жолдамамен немесе ақылы түрде де келуіне болады, – дейді Ғалымжан Темірбекұлы.




Оның айтуынша, ауруханаға Қазалыдан бөлек, Қармақшы, Байқоңыр және Аралдан келетіндермен қатар 25 мыңға жуық тұрғын тіркелген. Жабдық көмегімен бірнеше дертті анықтаған. Атап айтқанда, онкология, миға қан құйылу мен қан бармай қалуын, туберкулез, бронхит пен өкпенің қабынуын, асқазан жолдарының ақауын анық көрсеткен. Өте сапалы түсірген соң 3D форматта компьютерден көрінеді. Бүйрек, бауыр, ұйқы безі, талақ, асқазан бәрі-бәрі түсіріледі. Дегенмен ең әуелі асқазанды босатып, тазалағаннан кейін процедураға кіріседі. Тамыр арқылы арнайы контраст жіберумен қызмет үдерісі іске асады. Аталған жабдықпен ауруды анықтаудың түрлі тәсілі бар.

Жоғары санатты дәрігер-рентгенолог Ерболат Дәрібаев теміржол ауруханасында 47 жылдан бері еңбек етіп келеді. Бүгінде онымен бірге сәулелік диагностика бөлімінде дәрігер-рентгенологтар Кемали Фархад пен Амангелді Қанатов, лаборанттар Нұрболат Мыңболсын, Биболат Тілеубай, Жадырасын Азиев, Мұрат Байболат пен Мақсат Жалғасбек халыққа үздіксіз қызмет көрсетуде.

– Ұжым өте ұйымшыл. Әркез келушілерге жылышырай танытып, дертін дөп басуға тырысамыз. Айына 500 адамды қабылдаймыз. Құбыл Ршымбетұлының алысты бағамдайтынының арқасында заман талабына бейімделіп келеміз. Технология ағымынан қалыс қалмауға мүмкіндік жасалғанына қуанамыз. Жұмысымыздың жедел әрі тез орындалғаны өте ыңғайлы. Осындай жаңа аппарат арқылы аурудың қыр-сыры анықталып, қорытынды шығарылады. Алғаш рет 2012 жылы алынған компьютерлік томография 2 кесінді жасаса, 2017 жылы қол жеткізгені 16 кесінді шығаратын. Бүгінгі күні 128 кесінді арқылы диагноз қою жеңілдеді. Сонысымен сапалы көмек көрсетуге пайдасын тигізіп тұр, – дейді Ерболат Тәжібайұлы.

### ДЕНСАУЛЫҚТЫ ТҮЗЕУГЕ СЕПТЕСКЕН

Қазалы теміржол ауруханасы нейроинсульт бөлімшесінің меңгерушісі Шолпан Өтеулінің айтуынша, бөлімше қызметі аудан, облыс және республика көлеміне аян. Ашылғаннан бері қаншама науқас емделіп, өмірге қайта оралып жатыр.

– Біздің нейроинсульт бөлімшесінің негізгі мақсаты – ең ауыр неврологиялық және инсульт алған науқастарға дер кезінде медициналық көмек көрсету, ерте сауықтыру. Науқасты емдеудің, аурудың алдын алу және тексеру әдістерінің маңызы ерекше. Әсіресе компьютерлік томография мен магнитті-резонансты томографиялық зерттеудің пайдасы зор. Нейроинсульт бөлімшесінде науқастардың толық тексеріліп, диагностикалық зерттеулерден өтіп, толық емін алуына барлық жағдай қарастырылған. Осы жайлылықты ұсынып отырған аурухана басшылығы халықтың алғысына бөленуде. Жаңа әдістермен диагнозды дәл қойып, тұрғындардың денсаулығын нығайтуға ықпал етіп отыр, – дейді Шолпан Өтеулі.

Дәрігердің айтуынша, теміржол ауруханасы соңғы үлгідегі аппараттармен жыл сайын жабдықталуда. Соның бірі – КТА бөлімге түскен науқастардың ауруын анықтауға мол септігін тигізуде. Ескілерден артықшылығы тез сканерлейді. Суреттері өте анық. Рентген сәулесінің жанама әсері 75 пайызға дейін азайтылған. Денеге жіберілетін контраст заттар көлемі 15%-ға аз. Зерттеу кезіндегі анатомиялық тексеру ауданы кеңейтілген. Ерте сауықтыру кезеңі үшін де қажетті құралмен, емдік жабдықпен қамтамасыз етілудің мүмкіндігі зор. Соның нәтижесінде инсульттің геморрагиялық түріне нейрохирургтер ота жасайды.

Бұл аппараттарға қоса, жаңадан сандық үлгідегі автоматтандырылған рентген құрылғысы да алынған. Ол орталықтағы Қазалы теміржол емханасы – 1-де орналасқан. Аталған жабдық кішкентай бөбектен бастап, егде жастағы қарияларды да түсіреді. Кез келген сүйек сынықтарын анықтайды. Басы ауырып, балтыры сыздап келгендерді түсіруге мүмкіндігі бар. Тез, жылдам, нақты диагноз қойылады. Тағы бір ерекшелігі, асқазандағы тесік пен жұтқыншақ жолындағы, өңештегі ісікті көрсетеді. Ол үшін арнайы бор ішіледі. Теміржол емханасындағы рентген кабинетінде рентген лаборанттар Жалын Көбенов, Әнуарбек Батырбек, Қуанбай Аманжол, мамограф лаборант Қарлыға Сырлыбаева халыққа кеңес беруде.

Сонымен қатар теміржол ауруханасының зертханасына жаңадан бактериологиялық Scan-10 анализаторы келді. Жанында D2 mini аппараты бар.

– Бұл анализатор қанның стерильдігін және антибиотикке сезімталдығын анықтайды. Сол арқылы науқастардың дәрі-дәрмектің 23 түріне тітіргенгіштігі нақтыланады. Қанның стерильдігі нәтижесі үш күнде, антибиотик сезімталдығы екі күнде шығарылады. 2021 жылы қазанда әлемге үрей туғызған жұқпалы індет анализдерін анықтауға арналған ПЦР зертханасы ашылған болатын. Бүгінде бұл ауру азайғандықтан, анализдер де тоқтап тұр. Сондағы ПЦР зертханамызда тұрған ламинар бокс пен DT прайм анализаторды модернизациялау мақсатында онкологиялық ауруларды анықтауға 5 түрлі онкомаркер, әйел және ер адамдарда кездесетін жыныстық инфекцияларды табатын және гепатит Б, С мен хеликобактер реактивтеріне тапсырыс берілді, – дейді зертхана меңгерушісі Айнагүл Исаева.

Бұдан бөлек Қазалы теміржол ауруханасының офтальмолог-дәрігері Берік Жадырасын тағы бір жаңалығын бөлісті. Берік Балдақұлының айтуынша, жақында ауруханаға көзге ота жасайтын Centurion факомашинасы алынған.

– Медициналық құрылғының арқасында осы жылдың мамыр айында көпбейінді облыстық ауруханадан әріптесіміз, окулист Мұрат Байқадамов 10 науқасқа операция жасады. Алдағы уақытта ай сайын 10-15 науқасқа катарактаға ота жасалып тұратын болады. ИВИ интравитреалды иньекция жасалады. Қазалы мен Арал аудандарынан наукастар келіп, оперативтік жолмен ем кабылдайды, – дегенді алға тартты көз дәрігері.

Қазалы теміржол ауруханасының басшысы Құбыл Ршымбетов айтқандай, алдағы уақытта тағы да бірнеше заманауи жабдықтар алуды көздеп отыр.

**Айнұр ҚАЗМАҒАМБЕТОВА**

# АҚЫЛЫ – ШЫРАҚ, МЕЙІРІМІ – ШУАҚ



Ананың барында өзіңді қанша жасқа келсең де жас баладай сезінеді екенсің! Кеше ғана ортамызда отырған ардақтымыз бүгін жоқ, біз де қартайып кеткендейміз...

Аяулы ана, әзиз әже, әулетіміздің ақылшысына айналған ақжаулықты қазынамыз, ардагер-ұстаз, «Білім беру ісінің үздігі», «Ардақты ана» орденінің иегері Хадиша Серікбайқызы 1928 жылы өмірге келген. Текті әулеттің ұрпағы. Әкесі Серікбай Бедебеков патша заманында Сыр өңірінде болыстық құрған. Кеңес дәуіріндегі қазақтан шыққан алғашқы гидротехник, Қызылордада жаңадан ашылған облыстық су шаруашылығы бөлімінің бірінші басшысы, Түркістан Республикасының жер-су саясаты бөлімінің тұңғыш нұсқаушысы қызметтерін атқарған тарихи тұлға.

Анасы Зейнеп Бекбаева Қызылорда Қазақстанның алғашқы астанасы атанғанда қалалық атқару комитетінің тұңғыш төрағасы болған. Қазақстан халық комиссариаты кеңесінің төрағасы Сәкен Сейфуллиннің көмекшісі Нұрмағанбет Бекбаевтың туған апасы.

Анамыз 1937 жылы қаладағы №6 «Теміржол» мектебінің 1-класына барады. Ол кісінің үнемі аузынан тастамай жүретін кластастары бар еді. Осы мектептің бастауыш класында Аралбай Махамбетов, Хамила Қарабалаева, Рахымжан Бәйменов, Айша Айтбаева деген кісілермен бірге оқыпты.

Хадиша анамыз мектеп бітірген соң Қызылордадағы М.Мәметова атындағы қыздар педагогикалық училищесіне түсіп, бастауыш класс мұғалімі мамандығын алады. Кейін Н.Гоголь атындағы пединституттың жаратылыстану факультетінде оқып, білімін жетілдіреді. Екі мамандықтың иесі атану оның жан-жақты кәсіби шеберлігін арттырады.

Ы.Алтынсарин атындағы №10 қазақ орта мектебінде елге есімі белгілі болған талай шәкірттің білім шырағын жағып, үлкен өмір жолына салды.

Жастық шағы ашаршылық, сталиндік репрессия, Ұлы Отан соғысы жылдарымен тұспа-тұс келді. Әкесі, біздің нағашы атамыз Серікбай ата «халық жауы» деп тұтқындалып түрмеге де отырады. «Түрме жендеттері аяусыз ұрып-соғып, тістерін сындырыпты, жап-жас қалпында кеткен әкеміз шашы аппақ қудай болып оралды» деп өткен күндерді еске алатын. Сол Серікбай атамыз елге адал қызмет етіп, немере-шөбересін көріп, 1971 жылы сексен бес жасында өмірден өтті.

1941 жылы соғыс басталған кезде №6 «Теміржол» мектебі жабылып, ғимараты әскери госпитальге беріледі. Майданға аттанғандардың алғашқы легінде анамыздың ұстазы Әбдіхалық Бәйменов ағай да соғысқа кетеді. Ардақты ұстаз жаумен шайқасып, ерлікпен қаза табады. Анамыздың ер жетіп, отбасын құрып үлгермеген үш ағасы да соғысқа аттанады. Ата-анасымен жетінші класты бітірген ағасы Нұрғали екеуі қалады. Серікбай ата сол кезде Қызылордадан Тереңөзекке көшеді. Сөйтіп, балалары оқуын Тереңөзек кентіндегі мектепте жалғастырады.

Хадиша анамыз Ұлы Отан соғысының ауыр жылдары оқушы болса да шаруашылық жұмысына қатысып, еңбекпен шынығып өседі. Сол кезеңдегі тылдағы атқарған еңбегі үшін «Тыл ардагері» атанып, мерекелік медальдармен марапатталды.

Нұрғали Серікбаев ағасы соғыстан кейінгі жылдары Қызылордадағы Н.Гоголь атындағы педагогикалық институтында кейін қазаққа танылған академик, ғалым Серік Қирабаев, академик, ғалым Досмұхамбет Кішібеков, Әдебиет және өнер институтының директоры болып қызмет еткен Мүсілім Базарбаевпен бірге оқыған. Сөйтіп өзі жұмыс жасаған мектепке қайта оралып, қатардағы ұстаздан мектеп директорлығына дейін жоғарылаған.

Анамыздың екі ағасы Мерғазы Бедебеков мен Мерәлі Серікбаев сұм соғыстан оралмады. Ал үшінші ағасы Ерғали Бедебеков соғыстан аман-сау келіп, Тереңөзек аудандық «Еңбек майданы» газетінде, аудандық партия комитетінде, мұнан соң облыстық «Ленин жолы» газетінде қызмет еткен. Кейін ол кісі облыстық филармонияны, музейді басқарды. Ерғали аға Ташкент университетінде Қалтай Мұхамеджановпен, Шыңғыс Айтматовпен бірге оқыған. Кейін Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі болып, Асқар Тоқмағанбетовпен бірге талай спектакльді сахналады.

Өткен ғасырдың 60-жылдарынан бастап біздің отбасымыз Қызылорда қаласындағы сол кездегі XXII партсъезд көшесінде (бұрынғы Сталин көшесі) тұрды. Қасында «Сталин дүкені» аталып кеткен №21 азық-түлік дүкені бар еді. Қазіргі кездегі супермаркет секілді бұл дүкенге әр алуан азық-түлік молынан түсетін. Жанында ет өнімдерін және керосин сататын шағын дүкендер болатын. Дүкенге қалаға жақын ауылдардан тұтынушылар ағылып келіп, саудасы қызып жататын. Кейін бұл дүкен соғыс ардагерлеріне арналып, Кеңес Одағы тарағанша жұмыс істеді.

Анамыз мырза көңілді кісі, қыстың күні дүкен ашылмай тұрып, ерте келген кісілерге шай беріп, олардың жылынып алуына жағдай жасайтын.Ақшам жетпей қалды деп қиналғандарға үйден ақша беріп жібергенін өзіміз талай көрдік.

Күнде мектептен үйге келгенде сөмкесінде оқушылардың дәптері толып тұратын. Әкеміз Дербісәлі Тілеулиев Ы.Алтынсарин мектебінің жанындағы №3 кешкі жұмысшы жастар мектебінің директоры болды. Сондықтан ол кісі үйге кеш қайтатын. Анамыз сол кезде дастархан жайып, ертерек кешкі асты ішіп алған бізді де шақыратын. Өйткені, әке мен балаларының бірге отырып ас ішуінде де тәрбиелік мән бар екен. Осыдан соң өзі үйге алып келген оқушылардың дәптерін тексеруге отыратын.

Өзге ұлт өкілдерінен қамқорлығын аямайтын. Біздің үй жақтағы дүкенге қарама-қарсы тұратын орыс келіншегі Люба мен керосин сататын дүкенші, ұлты еврей Ауылова деген апайды ерекше сыйлайтын.

Бірде Любаның үйінде бірге тұратын Мария Васильевна деген апай анама сіздің үйде тұрғым келеді депті. Ол кісі Любамен келісіп, Марияны үйге тұрғызды. Бір қызығы, сол апай он жылдай біздің үйде жүрді, мықты аспаз болатын, өзі Кеңес Одағының маршалы Ворошиловтің жақын туысы екен. Мария Васильевнаның жалғыз қызы Сталиннің жеке аспазы болыпты. Сталин қайтыс болған соң бұларды Ташкент қаласына жер аударып жіберген. Марияны қызы мен күйеу баласы тіл табыса алмай, қарттар үйіне тапсырыпты. Кейін Ташкенттен Қызылорда қаласындағы қарттар үйіне ауысады. Сол кезде біздің көршіміз Люба оны өз келісімімен үйіне алып кетеді. Біздің отбасында он жыл тұрған Мария апайды іздеу салып тапқан қызы Қызылордаға келіп, анамызға ризашылығын білдіріп, үйіне алып кетті. Ал керосинші Ауылова апай бойжеткен қызы Викамен бірге Америкаға көшті. Еліміз тәуелсіздік алған кезде Вика Америкадан келіп, біздің үйге соғып, өздерімен туыстай қатынасқан отбасымызға, анамызға алғыс айтып, сый-сияпатын жасады.

Анамыз отбасында келіндерінің бәрін бірдей көретін, олардың ортаға бейімделіп кетуіне зейін салатын. Үйге келген кісілерге қонақжайлық көрсетуді бірінші орынға қоятын, өзара ауызбіршілікте болуды үлгі ететін. Олардың кемшіліктерін көрсе де көрмегендей болып, бауырмалдыққа баулитын.

Осындай жайсаң жанның артында қалған ұрпағы сол өнегелерді өміріміздің өзегі деп санап келеді.

Жүрегі мейірім шуағына толы асылдарымыз – Дербісәлі әкеміз бен Хадиша анамыз мағыналы ғұмыр кешті. Сол бір мағыналы да мәнді өмірді біз, біздің ұрпағымыз жалғайды.

**Әлмағанбет ДЕРБІСӘЛІҰЛЫ.**
Қызылорда қаласы

«Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2023 жылдың 14 маусымындағы №229 бұйрығымен «Тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізудің, сондай-ақ коммуналдық-тұрмыстық және тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтыну жүйелері мен газ жабдықтарына техникалық қызмет көрсетудің үлгілік шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 12 қарашадағы №117 бұйрығына өзгерістер енгізілді.

«Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы №532-IV Заңының 17-бабының 6-тармағына, сондай-ақ «Тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 3 қарашадағы №96 бұйрығына сәйкес, «QazaqGaz Aimaq» АҚ атынан Қызылорда өндірістік филиалы тауарлық газды тұрмыстық тұтынушымен бөлшек саудада өткізу шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасуды және газеттің осы нөмірінде орналасқан Шарт негізінде жеке тұрмыстық тұтыну үшін тауарлық газды жеткізуді жүзеге асыруды ұсынады.

Осы Шарт тұрмыстық тұтынушы осы Шарттың негізінде Жеткізуші берген газ үшін шотты бірінші рет төлеген сәттен бастап, ал жаңадан қосылған тұрмыстық тұтынушылар үшін – тұрмыстық тұтынушы қосылған желіге бірінші рет іс жүзінде қосылған кезден бастап күшіне енеді.

**Тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің үлгі шарты**

________________ 2024 ж. «_____» ___________
(шарттың жасалған орны)

**«QazaqGaz Aimaq» АҚ,** бұдан әрі **«Жеткізуші»** деп аталады,оның атынан 2024 жылдың «02» шілде №100 Сенімхат негізінде әрекет ететін «QazaqGaz Aimaq» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының директоры Ерғали А. бір тараптан және бұдан әрі **«Тұрмыстық тұтынушы»** деп аталатын бұдан әрі ______________________________ оның атынан
________________________________________________________
(тұтынушының атауы) (аты, әкесінің аты, тегі, оны алу кезінде) негізінде әрекет ететін екінші тараптан, бұдан әрі «Тараптар» деп аталатындар осы шартты (бұдан әрі - Шарт) төмендегі туралы жасасты.

**1-тарау. Терминдер мен анықтамалар**

1. Осы Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) газ – тауарлық газ;

2) газ тұтыну жүйесі – газ тарату жүйесінен тауарлық газды қабылдауға, сондай-ақ оны отын ретінде пайдалануға арналған газ құбырлары (желілік бөлік) мен газ жабдығы кешені;

3) есеп айырысу кезеңі – жеткізілген газдың көлемі айқындалатын, берілген газ үшін өнім беруші мен тұрмыстық тұтынушы арасында өзара есеп айырысу жүргізілетін кезең. Есеп айырысу кезеңі бір күнтізбелік айды құрайды;

4) есепке алу аспаптары – мынадай функцияларды: газды өлшеуді, жинауды, сақтауды, оның шығысы, көлемі, температурасы, қысымы және аспаптың жұмыс уақыты туралы ақпарат көрсетуді орындайтын өлшеу құралдары мен басқа да техникалық құралдар;

5) жеткізу – газды бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызмет;

6) өнім беруші – «Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Газбен жабдықтау туралы заң) белгіленген жағдайларда газды бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын тұлға;

7) смарт-картасы бар есепке алу аспаптары – тұрмыстық тұтынушы өзі төлеген газдың барлық көлемін пайдаланған кезде газ беруді жабатын салынған бекітпе клапанмен жарақталған смарт-карта арқылы ақы төлеу жүйесі бар газды есепке алу аспаптары;

8) тұрмыстық тұтынушы – тауарлық газды кәсіпкерлік қызметте пайдалану және оларды одан әрі өткізу мақсатынсыз, тұрмыстық мұқтаждар үшін сатып алатын жеке тұлға;

9) тұтыну нормасы – есепке алу аспаптары жоқ тұрмыстық тұтынушылар үшін өздері тұтынған тауарлық газдың орташа айлық көлемін көрсететін есептік шама.

2. Осы Шартта пайдаланылатын өзге де терминдер мен анықтамалар Газбен жабдықтау туралы заңға сәйкес қолданылады.

**2-тарау. Шарттың нысанасы**

3. Өнім беруші тұрмыстық тұтынушыға қосылған желі арқылы оның тұрмыстық тұтынуы үшін газды беруге, ал тұрмыстық тұтынушы осы Шарттың талаптарына сәйкес газ үшін ақы төлеуді жүргізуге міндеттенеді.

4. Газды тиісінше жеткізу үшін, оның ішінде тұрмыстық тұтынушы тарапынан – газбен жабдықтау жобасының, газ тұтыну жабдығына паспорттың, салынған объектіні пайдалануға қабылдау актісінің, газ құбырын салу паспортының, түтіндік және желдеткіш каналдарын тексеру актісінің, сондай-ақ газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсету шартының болуы газды жеткізу Шартын жасасу талаптары болып табылады.

5. Тұрмыстық тұтынушыны газбен қамтамасыз ету газ тарату желілері, газ пайдалану жабдықтары дұрыс техникалық жай-күйде болған кезде жүргізіледі.

6. Есепке алу аспабы, ал ол жоқ болған кезде тұтыну объектісіндегі бекітпе құрылғысы (іске қосу краны) газды қабылдау-тапсыру пункті болып табылады.

7. Осы Шарт бойынша жеткізілетін газ Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарының талаптарына сай болуы тиіс.

8. Есепке алу мақсатында тауарлық газ көлемінің өлшем бірлігі үшін Цельсий бойынша 20 градус температурада және сынап бағанының 760 миллиметр қысымында бір текше метр газ қабылданады. Сыртқы ортаның параметрлері осы Шарттың 8-тармағында көрсетілгендерден өзгеше болған кезде, өнім беруші есепке алу аспабының паспортына не Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 491 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №16429 болып тіркелген) бекітілген Газдың жұмыс параметрлерін стандартты жағдайларға келтіру жолымен корректорларсыз есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін қайта есептеу әдістемесіне сәйкес газдың жұмыс параметрлерін стандартты талаптарға келтіру жолымен корректорларсыз есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін қайта есептеуді жүзеге асырады.

**3-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

9. Өнім беруші:

1) алынатын газ үшін тұрмыстық тұтынушы дұрыс төлем жүргізген және осы Шарттың жағдайлары сақталған жағдайда тұрмыстық тұтынушыға арналған мөлшерде қажетті талап етілетін сапалы газды үздіксіз беруді жүзеге асыруға;

2) газ тұтынуды есепке алуға, сондай-ақ осы Шартпен көзделген міндеттемелердің тиісінше орындалуын қамтамасыз етуге;

3) тұрмыстық тұтынушының жабдықтың қуатын ұлғайту және қосымша газ жабдығын орнату үшін техникалық шарттарды алуға, газбен жабдықтау схемасын техникалық жағынан күрделі емес объектілер үшін 2 жұмыс күні ішінде, техникалық жағынан күрделі объектілер үшін 5 жұмыс күні ішінде өзгертуге жазбаша өтінішті мәні бойынша қарауға;

4) қауіпсіз, авариясыз және үздіксіз газбен жабдықтауды қамтамасыз етуге және газды қабылдау-тапсыру пунктіне дейін газдың қысымын ұстауға;

5) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы газ бағасының өзгергені туралы ақпаратты тұрмыстық тұтынушының назарына жеткізуге;

6) бақылау мақсатындағы тексерулер кезінде тұтынушыға көрсетілетін қызметтік куәліктермен өз қызметкерлерін қамтамасыз етуге;

7) тұтынушы берген өтініштің және басқа да растаушы құжаттардың негізінде тұратындардың санын өзгертуді, өзара есеп айырысуларды салыстырып тексеруді жүргізуге;

8) тұрмыстық тұтынушыға тұтынылған газдың мөлшері және есеп айырысу кезеңі үшін төлем мөлшері туралы мәліметтерді қамтитын қағаз немесе электрондық түрдегі шот-хабарламаларды ай сайын ұсынуға;

9) есепке алу аспабын тексеру мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік алпыс күн бұрын тексеру қажеттілігі туралы тұрмыстық тұтынушыны хабардар етуге;

10) жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізу және жаңа тұтынушыларды қосу үшін тауарлық газ беруді тоқтатқанға дейін қырық сегіз сағаттан кешіктірмей тұтынушыны ескертуге міндетті.

10. Тұрмыстық тұтынушы:

1) осы Шарттың талаптарына сәйкес газ үшін ақы төлеуді жүргізуге;

2) газ тұтыну жүйелерін, түтіндік және желдеткіш каналдарын, оның қарамағындағы газ желілерінің учаскелерін қауіпсіз пайдалануды, түтіндік және желдеткіш каналдарын уақытылы тексеруді және тазартып тұруды қамтамасыз етуге;

3) өнім берушінің өкілдеріне қызметтік куәліктерін көрсеткен кезде есепке алу аспаптарын, газ жабдығын, тұрып жатқандардың саны жөніндегі деректердің дұрыстығын және салыстырып тексеру туралы жарамды сертификаттың бар екенін тексеру үшін газ тұтыну жабдықтарына, газ желілеріне және есепке алу аспаптарына кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз етуге;

4) өзіне тиесілі газды есепке алу аспаптарының сақталуына, техникалық жай-күйіне және салыстырып тексерілуіне, сондай-ақ өнім беруші жүзеге асырған оның пломбалануының бүтіндігіне жауапты болуға;

5) өнім берушінің техникалық талаптарын алғаннан кейін ғана газбен жабдықтау схемасын өзгертуді, тұтыну көлемін ұлғайтатын жабдықты және қосымша газ жабдығын орнатуды және іске қосуды жүргізуге;

6) газ тұтыну көлеміне және оған ақы төлеуге (тұрып жатқандар санының өзгеруі, жылытылатын ауданның мөлшері, газ жабдығының қуаты) әсер ететін деректердің жай-күйі және болған өзгерістер туралы өнім берушіні жазбаша түрде хабардар етуге міндетті. Тұрмыстық тұтынушы болған өзгерістер және есепке алу аспабынсыз газды тұтыну, оның жарамсыз екені не газ жабдығының параметрлеріне сәйкес келмейтіндігі туралы хабарламаған жағдайда, тұтынылған газдың көлемі өнім берушіде бар деректер бойынша есептеледі. Бұл ретте газ үшін қайта есептеулер тұрмыстық тұтынушы растайтын құжаттарды қоса бере отырып, тиісті өтінішті берген сәттен бастап жүзеге асырылады;

7) осы Шарттың талаптарына сәйкес газды оның тікелей мақсатына қарай ұтымды пайдалануға;

8) паспорт деректеріне сәйкес оны пайдалану мерзімінен асып кеткен кезде, газ жабдығын ауыстыру бойынша шаралар қабылдауға;

9) пломбаның зақымданғаны немесе бүтіндігінің бұзылуы, есепке алу аспабының ақауы немесе тоқтауы анықталған кезде газ тарату ұйымына немесе топтық резервуар қондырғысының иесіне осындай ақаулық анықталған немесе бұзылған күні осы факт туралы дереу хабарлауға міндетті.

11. Өнім беруші:

1) уақытылы және толық мөлшерде газ үшін ақы алуға;

2) газдың тұтынылуын есепке алуды жүзеге асыруға;

3) кранды қосатын жерден жауып, одан әрі пломба салып немесе тұрмыстық тұтынушыны алдын ала хабардар етпей, дәнекерлеу үшін ажырату арқылы газ беруді тоқтату үшін негіз болған себептерді жойғанға дейін тұрмыстық тұтынушыға газ беруді мына жағдайларда тоқтатуға:

тұрмыстық тұтынушы пайдаланылған газ үшін ақы төлеу тәртібін бұзған кезде, қызметтер көрсетуді тоқтата тұрғанға дейін кемінде күнтізбелік он күн бұрын тұрмыстық тұтынушыны алдын ала хабардар ете отырып, тұрмыстық тұтынушыны кемінде күнтізбелік 5 күн бұрын мынадай жағдайларда:

- өнім берушінің техникалық шарттарын алмай-ақ газ желілерін қайта жабдықтағанда;

- өнім берушінің өкілдерін қатарынан екі есеп айырысу кезеңі бойы газ жабдығына, газ құбыры мен есепке алу аспаптарына (олар болған жағдайда) жібермеген жағдайда алдын ала хабардар ете отырып;

тұрмыстық тұтынушыны алдын ала ескертпей, мынадай жағдайларда:

- тұтынушы газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің қауіпсіздік талаптарын бұзса;

- газды заңсыз тұтынуға әкеп соққан газбен жабдықтау жүйесіне өз бетінше және/немесе заңсыз қосылса;

- газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің техникалық ақауы болса газ беруді тоқтатуға құқылы.

Газ беруді тоқтату (шектеу) туралы хабарлама тұтынушыға электрондық поштамен, пошта жөнелтілімімен, қысқа мәтіндік хабарламамен, мультимедиалық хабарламамен, қолданыстағы мессенджерлермен не хабархаттың немесе шақырудың тіркеліп-бекітілуін қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдары пайдаланыла отырып жіберіледі.

Тұрмыстық тұтынушыны газбен жабдықтауға қосу пайдаланылған газ үшін қарызды, тұрақсыздық айыбын және газбен жабдықтауды ажырату және қосу жөніндегі көрсетілген қызметтер үшін ақы толық төлегеннен кейін жүргізіледі;

4) ажыратқанға дейін кемінде қырық сегіз сағат бұрын тұтынушыны алдын ала хабардар ете отырып газ құбырларындағы жөндеу-алдын алу жұмыстарын жүргізген кезде, сондай-ақ азаматтардың денсаулығына, өміріне, мүлкіне, қоршаған ортаға қауіп тудыратын авариялардың алдын алу және жою жөніндегі шұғыл шараларды қабылдау үшін тұрмыстық тұтынушыға уақытша газ беруді тоқтатуға;

5) газ жабдығы, есепке алу аспабы, жылытылатын алаң, тұратын адамдардың саны, құрылыстардың бар-жоғы туралы мәліметтер, сондай-ақ газды есепке алу және газ тұтынуда көрсетілетін деректер алуға құқылы.

12. Тұрмыстық тұтынушы:

1) осы Шартта ескерілген, белгіленген сападағы газ алуға және пайдалануға;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен және осы Шарттың талаптарына сәйкес газдың бағасы туралы ақпарат алуға;

3) есепке алу аспабы болмаған кезде алдын алу және жөндеу жұмыстарын жүргізуге кеткен уақыттағы үзілістер үшін газға ақы төлеуді жүргізбеуге;

4) көпқабатты тұрғын үйдің сенімді тұлғасы арқылы кондоминиум объектісін басқару органы мен өнім беруші арасындағы ынтымақтастық шартын жасасуға;

5) өнім берушімен қағаз жеткізгіште шарт жасасуға құқылы.

**4-тарау. Ақы төлеу тәртібі**

13. Тұрмыстық тұтынушы газ үшін төлемді ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 25-не дейінгі мерзімде жүргізеді.

Смарт-картасы бар газды есепке алу аспабын пайдаланған кезде газ үшін ақы төлеу өнім берушінің шотына қажетті газ көлемінің құнын аудару жолымен жүргізіледі.

14. Есепке алу аспабының көрсеткіштерін өнім берушінің өкілдері тұрмыстық тұтынушымен бірлесіп ағымдағы айдың жиырмасынан кейінгі мерзімде алады. Пәтерде немесе жеке үйде тұратын тұрмыстық тұтынушының кінәсінен екі есептік кезең ішінде пәтерде немесе жеке үйде орналасқан есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алу мүмкін болмаған кезде, өнім беруші тұрмыстық тұтынушының есепке алу аспабының нақты деректері бойынша кейіннен қайта есептеу арқылы көрсетілген кезең үшін газ тұтынуды тұтыну нормасы бойынша есептейді.

15. Есепке алу аспабының жарамсыз екені анықталған кезде тұтынылған газды есептеу соңғы тексеру жүргізілген күннен бастап анықталған күнге дейінгі, бірақ тұрмыстық тұтынушы жүргізген төлемді ескере отырып, екі айдан аспайтын кезең үшін қолданыстағы газ тұтыну нормалары бойынша жүргізіледі.

16. Тұрмыстық тұтынушының есепке алу аспабын тексеру мерзімі өткен жағдайда тұтынылған газ көлемі үшін есеп айырысу тексеру мерзімі өткен күннен бастап қолданыстағы тұтыну нормасы бойынша жүргізіледі. Есепке алу аспабының көрсеткіштері бойынша қайта есептеу тексерудің оң нәтижелері болған жағдайда, бірақ алты айдан аспайтын мерзімге жүргізіледі.

**5-тарау. Тараптардың жауапкершілігі**

17. Газ үшін ақы төлеу бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған тұрмыстық тұтынушы қарызды толық өтеген сәтке дейін әрбір мерзімі өткен күн үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің қайта қаржыландыруының 1,5 еселік мөлшерлемесі көлемінде тұрақсыздық айыбын төлейді, бірақ тұрақсыздық айыбының сомасы газ үшін ақы төлеу жөніндегі берешек сомасының он пайызынан артық болмауға тиіс.

18. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 3 қарашадағы №96 бұйрығымен бекітілген Тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізу және пайдалану қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №9936 болып тіркелген) (бұдан әрі – Қағидалар) 36-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген бұзушылықтар кезінде өнім беруші Қағидалардың 47-тармағының 1) тармақшасына сәйкес газдың шығысын қайта есептеуді жүргізеді.

19. Өнім берушінің өкілі осы Шарт бойынша тұрмыстық тұтынушы жіберген бұзушылықтар туралы актіні екі данада ресімдейді, олардың бірі тұрмыстық тұтынушыға беріледі. Актіге техникалық құралдарды қолдана отырып, бұзушылықтар (фото - және/немесе бейнетіркеу) тіркелген жағдайда, тұрмыстық тұтынушы оған қол қоюдан бас тартса да акт жарамды болып табылады, бірақ ол туралы жазба жазылады.

20. Тараптардың өз міндеттемелерін орындамауына әкеп соқтырған еңсерілмейтін күш салдарынан (дүлей зілзалалар, апаттар, төтенше жағдай режимін енгізу, халықаралық шарттың қолданылуын бұзу/тоқтата тұру, газ тасымалдау жүйесіндегі авария) туындаған мән-жайлар себебінен осы Шарттың талаптарын орындамағаны үшін Тараптар жауапкершіліктен босатылады.

**6-тарау. Қорытынды ережелер**

21. Шарт оны жасасқан сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады және газ тұтыну жүйелерін пайдалану кезеңінде, ал есеп айырысулар мен қаржылық міндеттемелер бойынша – олар толық аяқталғанға дейін қолданылады.

22. Тұрмыстық тұтынушы өнім берушіні кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын жазбаша хабардар еткен кезде және пайдаланылған газға төлемақы, төлем құжаттарында көрсетілген кезде – араласқаны, өз бетімен қосылғаны үшін өсімақы, есептеулер толық төленген жағдайда біржақты тәртіппен осы Шартты бұзуға құқылы.

23. Осы Шарттағы даулы мәселелер бойынша келісімге қол жеткізілмеген кезде даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

**7-тарау. Тараптардың заңды мекенжайлары:**

| Жеткізуші: | Тұрмыстық тұтынушы: |
|---|---|
| **«QazaqGaz Aimaq» АҚ**<br>Мекенжай: 010000, Қазақстан Республикасы,<br>Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы,<br>Әлихан Бөкейхан көшесі,<br>12 ғимарат<br>БСН 020440001144<br>**Жүк жөнелтуші Қызылорда өндірістік филиалы**<br>Мекенжай: Қызылорда қ. Сұлтан Бейбарыс көшесі №1<br>Телефон/факс:<br>8/7242/551742,551743<br>e-mail: kyzylorda@ktga.kz<br>Филиалдың БСН: 070341004675<br>ИИК: KZ806010201000027651<br>БИК: HSBKKZKX<br>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ | **Т.А.Ә.**______________________<br>Мекенжай:___________________<br>ЖСН________________________<br>Телефон_____________________<br>e-mail_______________________<br>жеке куәліктің №_____________<br>______________________берілген |
| **Қызылорда ӨФ директоры**<br>Ерғали А.____________<br><br>МО | **Тұрмыстық тұтынушы**<br>Т.А.Ә.______________________ |

KazTransOil

**«ҚазТрансОйл» АҚ Қызылорда** және **Ұлытау** облыстарының аумағында «Құмкөл-Қарақойын» магистральды мұнай құбырлары, ТОБЖ байланыс желілері салынғанын, олар шақырымдық бағандармен және ескерту белгілермен белгіленгенін ескертеді.

**ҚР-ның «Магистральдық құбыр туралы» Заңына және Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін күзету ережелеріне** сәйкес, келесі күзет аймақтары белгіленеді:

1. Мұнайды тасымалдайтын магистральды мұнай құбыры трассасы бойында – құбыр осінің әрбір жағынан **50 метр** жерден өтетін шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде; ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерде магистральдық құбырдың күзет аймағы құбыр осінің әрбір жағынан **25 метр** жерден өтетін шартты сызықтармен шектеледі;

2. бір техникалық дәлізде төселген көпжелілі құбырлардың трассалары бойында – шеткі құбырлардың осьтерінен 1) тармақшамен қарастырылған қашықтықтарда шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде;

3. суасты өткелдері бойында - өткелдердің шеткі желілері осьтерінің әрбір жағынан **100 метрге** кейін қалатын қатар жазықтықтар арасында орналасқан су бетінен түбіне дейінгі су кеңістігі учаскесі түрінде;

4. өнімді авариялық шығаруға арналған жер қамбалары төңірегінде – аталған объектілер аумақтары шекарасынан барлық жаққа **50 метрге** кейін қалатын тұйықталған сызықпен шектелген жер учаскесі түрінде;

5. бас және аралық айдау және құю сорғы станциялары, резервуар парктері, компрессорлық және газ тарату станциялары, өнім өлшеу тораптары, құю және қотару эстакадалары, газды жерасты сақтау станциялары, мұнайды, мұнай өнімдерін қыздыру пункттері төңірегінде – аталған объектілер аумақтарының шекараларынан барлық жаққа **100 метрге** кейін қалатын, тұйықталған сызықпен шектелген жер учаскесі түрінде орнатылады

6. орманы жоқ учаскелерде елді-мекендерден тыс орналасқан жер асты кабельдік және әуе байланыс желісі мен радиофикация – жерасты кабель трассасы немесе шеткі әуе желілері сымдарының әрбір жағынан кемінде **2 метр** қашықтықта орналасқан тікелей параллельмен белгіленетін осы желілері бойымен жер учаскелері түрінде.

**ҚР ЕЖ 3.05-101-2013 «МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРЛАР» СӘЙКЕС 30-ДАН 150 МЕТРГЕ ДЕЙІН ЕҢ АЗ ҚАШЫҚТЫҚ ШЕГІ БЕЛГІЛЕНЕДІ. ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МАҚСАТЫНДА ЕРЕЖЕЛЕР ЖИЫНТЫҒЫМЕН БЕЛГІЛЕНГЕН ЕҢ АЗ ҚАШЫҚТЫҚ ШЕГІНДЕ МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРҒА ЖАТПАЙТЫН КЕЗ КЕЛГЕН ОБЪЕКТІЛЕРДІ САЛУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**

**ЕСКЕРТУ**

**ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:**

Құбырлардың күзетілетін аймақтарында құбырлардың қалыпты пайдаланылуына немесе олардың бұзылуына әсер ететін түрлі әрекеттерді жасауға тыйым салынады, соның ішінде:

- тану белгілерін, бақылау-өлшеу пункттерін ауыстыруға, үюге және сындыруға;
- кабель желілерінің қызмет көрсетпейтін күшейту пункттерінің қақпақтарын, қақпаларын және есіктерін, желілік арматураның торап қоршауларын, катодты және дренажды қорғау стансаларын, желілік және қарау құдықтары мен басқа желілік құрылғыларды ашуға, крандар мен ысырмаларды ашып, жабуға, байланыс, энергиямен қамтамасыз ету және құбыр телемеханикасы құралдарын өшіруге;
- түрлі қоқыс орындарын жасауға, қышқылдар, тұздар мен сілтілердің ерітінділерін төгуге;
- жаға бекіту имараттарын, су өткізу құрылғыларын, құбырларды, байланыс желілерін бұзудан, ал жақын аумақ пен айналадағы жерді апаттық құйылу мен тасымалданатын өнімнен қорғайтын жер және өзге имараттарды (құрылғыларды) бұзуға;;
- зәкірлерді суға тастауға, суға тасталған зәкірлермен, тізбектермен, сүйретпелермен және тралдармен өтуге, тереңдетіп қазу мен жерге батыру жұмыстарын жүргізуге;
- от жағуға немесе ашық немесе жабық от көздерін орналастыруға.

Магистральды мұнай құбырларының күзетілетін аймақтарында **«ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің жазбаша рұқсатынсыз:**

- «ҚазТрансОйл» АҚ-пен орналасу жерін, құрылыс жүргізу, жайластыру және пайдалану тәртібін келіспей магистральды құбырдың және оның күзетілетін аймағы трассасының өткелдерін, топырақ жолдарын немесе өзге уақытша немесе тұрақты көлік қиылыстарын орналастыруға;
- бақ өсіруге және ағаш өсіруге, сонымен қатар жыртылатын тереңдігі отыз бес сантиметрден аспайтын қыр ауыл шаруашылық дақылдарды өсіруге бағытталған агротехникалық жұмыстардан басқа, «ҚазТрансОйл» АҚ-пен келісілмеген қандай да бір жұмыстарды орындауға;
- магистральды құбырларға қызмет көрсетуге және оның физикалық қорғанысын қамтамасыз етуге арналған «ҚазТрансОйл» АҚ-пен орналастырылған жолдарды қалпына келтіруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген жағдайлардан басқа осы жолдар бойынша магистральды құбырларда өртке қарсы және күзет қызметтерін орындайтын қызметкерлердің қозғалысына кедергі жасауға;
- кез келген құрылыстар мен имараттарды салуға;
- автомобиль көлік құралдарының, тракторлар мен механизмдердің тұрақтарын ұйымдастыруға;

**ХАЛЫҚТЫҢ, КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ, ҰЙЫМДАРДЫҢ, ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА**

- мелиоративті жер жұмыстарын жүргізуге, жер суаратын және құрғататын жүйелерді салуға;

- «ҚазТрансОйл» АҚ-пен келіспей тау, құрылыс, жинақтау және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, топырақты тегістеуге;
- ұңғымалардың, шурфтардың құрылғыларымен және топырақ (жер қыртысының үлгілерінен басқа) сынамаларын алумен байланысты геологиялық түсіру, геологиялық барлау, іздеу, геодезикалық және басқа іздестіру жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында құрылыс нормаларымен және ережелерімен белгіленген минималды қашықтықтарда магистральды құбырларға жатпайтын кез келген объектілердің құрылысына тыйым салынады.

**Магистральды құбырлардың күзет аймақтарында кез келген жұмыстар мен әрекеттерді орындау қажет болған жағдайда, Кәсіпорындар, Ұйымдар және Азаматтар:**

- «ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшелерінен «Магистральды құбырлардың күзетілетін аймақтарында жұмыстар жүргізуге» жазбаша рұқсат алуға міндетті. Жұмыстарды жүргізуге рұқсат жұмыстарды жүргізетін адамда жұмыс істеп тұрған құбырлар көрсетілген жобалау құжаттамасы бар болған жағдайда ғана берілуі мүмкін.
- кем дегенде 5 тәулік бұрын «ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшесінің өкілін жұмыстарды жүргізу орнына шақыруға;
- құбырлардың және тану белгілерінің сақталуын қамтамасыз ететін ережелерді сақтап, жұмыстарды орындауға міндетті.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның құрылымдық бөлімшелері ҚР «Магистральдық құбыр туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін күзету ережелері, сондай-ақ «Күзетілетін аймақта жұмыстарды жүргізуге арналған рұқсатта» көрсетілген талаптар бұзылып, орындалған жұмыстарды тоқтатып қоюға құқылы.

ҚР «Магистральдық құбыр туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасында телекоммникация желілерін күзету ережелері және ҚР ЕЖ 3.05-101-2013 «Магистральды құбырлар» жергілікті билік пен басқару органдарымен, сондай-ақ басқа да кәсіпорындармен, ұйымдармен (меншік түріне қатыссыз) және құбырлар өтетін аумақта жұмыстар немесе қандайда бір әрекеттер жүргізетін азаматтармен орындау үшін міндетті болып табылады.

**Заң, Кодекс, Ережелер мен ҚР КЕ талаптарын бұзушылықтарға кінәлі лауазымды тұлғалар мен азаматтар белгіленген тәртіпте жауапкершілікке тартылады.**

**Жоғарыда айтылған барлық мәселелер бойынша мына мекенжайға хабарласу қажет:**

**«ҚазТрансОйл» АҚ Жезқазған мұнай құбыры басқармасы, 100600, Жезқазған қ., Ескі әуежай ауд., Тел: 8 (7172) 55-52-55 – №5 техникалық учаскесінің БДБ диспетчері; 8(7102) 770-255 – «Құмкөл» БМАС ауысымының бастығы-кезекші; 8 (7102) 770-241 – Жезқазған МҚБ бастығының қабылдау бөлмесі.**

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

БАЙҚАУ

# АРДАГЕРЛЕР ӘН САЛҒАН КҮН




Ә.Тәжібаев атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасында «Ардагерлер әуендері» атты облыс ардагерлері арасында байқау өтті. Ұлттық өнерді, рухани құндылықты насихаттауға бағытталған байқауда ардагерлер халық әнін және Сыр композиторларының әндерін орындады.

Ерекшелігі сол, бүгінде естілмей жүрген ескі әуендер шырқалып, көрермендер зор қошемет көрсетіп отырды. Байқауға облыс аумағынан түрлі салада еңбек еткен 30 ардагер қатысты. Ақ сақалды ата, ақ жаулықты әжелер жеке орындаушылығымен қатар, домбыра, сырнай, гитара аспаптарымен ән салып, жастық шақ әуендерін жаңғыртты.

Байқау қорытындысымен бірінші орынды қазалылық денсаулық саласының ардагері Шамшагүл Захар және Шиелі ауданынан келген мәдениет саласының ардагері Рахия Қожахметова жеңіп алды. Ал екінші орынды аралдық білім саласының ардагері Болатбек Тәжімбет, Сырдария ауданының білім саласының ардагері Сәрсенкүл Қалмаханова иеленсе, үшінші орынға Қызылорда қаласының қоғамдық тамақтандыру саласы ардагері Күләш Сырымова және Жаңақорған ауданының ішкі істер саласының ардагері Әлібек Сүгірбаев, Шиелі ауданының білім саласының ардагері Дилара Оразымбетова лайық деп танылды.

Ардагерлердің ән байқауына Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, композитор Рамазан Тайманов, ҚР Еңбек сіңірген артисі Құлән Қалымбетова, Мәдениет саласының үздігі Сәбит Ұлықпанұлы сынды өнер өкілдері қазылық етті.

– Елдің, аймақтың дамуына өз үлесін қосқан аға буын өкілдерінің зейнет шағында қоғамнан қалыс қалмай, мәдени, рухани іс-шараларға белсенді араласуы бізді қуантады. Мемлекет ұстанып отырған саламатты өмір салтының шынайы көрінісі осы, – дейді қазылар алқасының төрағасы.

«Ардагерлер әуендері» ән байқауын қорытындылаған облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев кеңестің алдағы жоспарына сай осындай рухани-танымдық іс-шаралар әлі де ұйымдастырылатынын атап өтті. Сондай-ақ жеңімпаздарды марапаттап, сый-сияпат табыстады.

**«СБ» ақпарат**

ОЙСАЛАР

# БАЙЛЫҚ НИЕТКЕ БІТЕДІ

Негізінде, бақ та, байлық та ниетке бітеді. Байлық екі түрлі болады, қайырлы және қайырсыз. Өмірде естіп те, көріп те жүрген жүздеген мысалдан кейін осындай ой түюге мәжбүр болады екенсің.

Бір қайыршы базардың алдына келіп қайыр сұрап отырады екен. Сондағы қыстың суығы, жаздың ыстығында кешке дейін отырғандағы табатыны тура бір күлше нан мен бір құты суға ғана жететін болыпты. Бір күні қайыршы таңертең базардың алдына келіп: «Жаратқан ием, маған күнделікті тауып жүрген бір күлше нан мен бір құты суды осыншалық азапқа түспей, жан қинамай келіп тұруын нәсіп етші» деп дұға жасап болып базардың ішінде келе жатса,екі жігіт қан-жоса болып төбелесіп жатыр екен дейді. Арашалайтын тірі жан көрінбейді. «Ау-ау, жігіттер, бұларың не, қойыңдар» деп араша түсе берген қайыршыға да бір таяқ тиіп, бұл да жанжал шығарғандардың қатарына қосылып, тәртіп сақшылары алып кетіп, жаза кесіп, алты айға қамап тастапты. Сонда Құдайдың құдіретімен күнделікті тар терезеден күзетші бір күлше нан мен бір құты суды жеткізіпті де тұрыпты. Сол түрмеде жатқан күндердің бірінде қайыршы түс көреді. Түсінде баяғы базардың алдына келіп «бір күлше нан мен бір құты суды жан қинамай келтіріп тұршы» деп дұға жасап жатқан жерін көріп жатып, шошып оянып: «Жаратушы ием, қайырымен келтіріп тұршы, қайырымен» деген екен.

Байлық туралы мысалдың ең мықтысын Құраннан оқыдым. Құранда екі Харунның есімдері аталады. Бірі Мұса ғ.с. пайғамбарға Жаратушы Алланың аянымен берілген Тауратты ұстанып, ел-халықты ізгілікке шақыруға жәрдемші болған туған інісі Харун да, екіншісі қисапсыз зор байлыққа ие болған замандасы Харун. Біздің қазақтың қайырсыз байларды мысал қылғанда айтып отыратын Қарынбайы осы екен. Бай Харунның байлығында есеп болмаған. Оған мына аяттар мысал. «Харун да Мұса жұртының адамы еді. Оған қазына-байлықты үйіп-төгіп бергеніміз сонша, алтын-күміс сақтаған қоймаларының кілтін бірнеше адам әзер көтеріп жүретін. Ел-халықтың алдына Харун бар салтанатымен шығушы еді». (76-аят. «Қасәс» сүресі.) «Мен бұл байлыққа өзімнің күшіммен, ептілігіммен жеттім деді Харун». «Сол Харунды, оның бар байлығын да бір-ақ сәтте жерге жұтқыздық. Оған арашашы табылмады». (81-аят. «Қасәс» сүресі.)

Бұған мына аятты да қоса кетпесем, Жаратушының пенделеріне байлық туралы не айтқысы келетіні түгелденбеген болар еді деп ойладым. «Біз көп шаһарларды қираттық. Олардың бәрінде дәулетке мас халық тұрды. Сол қалалардың тұрғындары байлыққа мастанып шектен шықпайынша, біз олардың мекендерін талқандаған жоқпыз». (59-аят. «Қасәс» сүресі.)

Пайғамбарымыз Мұхаммед с.ғ.с.-ның хадисі бар екен. «Үш еврей, яғни иуда дінінің өкілдері замандас өмір сүріпті. Олардың бірі таз, бірі алапес, енді бірі зағип соқыр болыпты. Алла тағала сынау үшін оларға періште жібереді. Періште алапеске адам бейнесінде келіп «Қандай арманың бар?» дейді. «Шіркін-ай, денем мынау кеселден тазарып, жұрт жиркеніп қарамайтын болса ғой» дейді. Періште оған қолын тигізгені сол еді, денесі тазарып шыға келді. «Қандай мүлкің болғанын қалайсың?» дейді періште сосын. «Түйесі көп бай болсам» дейді ол. Сол-ақ екен, оған боталы түйе тарту етілді. «Малың көбейіп, саған Алланың жақсылығы болсын» деді періште. Сөйтіп тазға келді. «Қандай мұқтаждығың бар?» деді оған да. «Басымда әдемі шашым болса, жұрт маған жиркеніп қарамайтын болса» деді. Періште оның басына қолын тигізгені сол екен, ол дертінен айығып, қою шашты жігіт болып шыға келді. «Қандай мүлкің болғанын қалар едің?» деді оған да. «Табын-табын сиырым болса екен» деді ол. «Жаратушы саған бұзаулы сиыр тарту етті, малың көбейіп, саған Алланың жақсылығы болсын» деді періште. Соңынан періште зағип кісіге келіп, қандай арманы барын сұрады. «Алла маған жарық дүниені көретін көз берсе екен» деді зағип жан. Періште оның көзіне қолын тигізгені сол еді, қос жанары шайдай ашылды. «Жаратушыдан байлық сұрамайсың ба?» деді періште. «Уақ мал болса, қанағат етер едім» деді ол. Айтып ауыз жұмғанша оған уақ мал тарту етілді. «Мал-мүлкің көбейіп, саған Алланың жақсылығы болсын» деді періште.

Арада біраз уақыт өткенде олардың малы көбейіп, алапестен айыққан кісіге келе-келе түйе, таздан сауыққан жігітке табын-табын сиыр, қос жанары қалпына келген адамға қора-қора қой бітіп, байып шыға келді. Күндердің күнінде періште алапес науқас кейпінде, Жаратушының жәрдемімен өзі емдеп, байлық сыйлап кеткен бұрынғы алапеске келіп: «Мен бір мүсәпір жолаушы едім, шаршап-шалдығып келем, азығым да таусылды, сапарымды жалғастырайын, ең болмаса лауға бір түйе бере алмайсыз ба?» дейді. «Жоқ, бере алмаймын, бұл жалғыз менікі емес, өзге де мұрагерлер бар, аулақ жүр» дейді бұрынғы алапес. «Мен сені таныдым, ей кәззаб. Бір кездері адамдар жанына жолатпайтын алапес сен емес пе едің, байлықты да саған құдіреті күшті Алла тағала берген» дейді періште оған. «Жоқ, бұл байлықты мен ата жолымен мұраға алғанмын» деді ол. «Егер жалған сөйлеген болсаң, Алла сені бұрынғы қалпыңа қайта келтірсін» деді періште оған. Сосын періште таз кейпінде екінші адамға келді, ол да бірінші адамның айтқанын қайталады. «Ей мұңдар, мен сені де таныдым, егер жалған сөйлесең, Алла бұрынғы күйіңе қайта келтірсін» деді оған да. Ең соңынан періште зағип жолаушы түрінде өзі емдеп кеткен бұрынғы зағипқа келіп «Мен бір мүсәпір жолаушы едім. Азығым да таусылды, әуелі Алла, сосын өзіңізге үміт артып келіп тұрмын. Сізді дертіңізден айықтырып, жарық дүние сыйлаған Құдіреттің атымен сұраймын. Маған жол азыққа бір қой беріңіз, сапарымды жалғастырайын» деді. Сонда бұрынғы зағип: «Ей мүсәпір, кезінде мен де сен сияқты зағип болғанмын. Алла маған көз жанарымды қайтарды, маған мына Алла берген дәулеттен қалағаныңша ал, қолыңды қақпаймын, барлық нәрсе Жаратқанның қалауымен болады» деді. Сонда оған періште былай деп жауап қайтарды: «Дәулетің өзіңе қайырымен бұйырсын, бұл сендерге жіберілген сынақ болатын. Алла саған разы болды, ал сенің екі тағдырласың оның қаһарына ұшырады».

Пайғамбарымыз с.ғ.с.-ның бұл хадисінен Құран Кәрімнің мына аяттары туралы түсінік алуға болады. «Адам басына бір қасірет туса бізге жалбарынады да, біздің мейіріміміз түсіп әлдебір игілік берсек, «бұл маған өзімнің ептілігімнен келді» дейді. Олай емес, керісінше ол сынау еді. Бірақ олардың көпшілігінің мұны түсінуге өресі жетпейді». (49-аят. «Зумар» сүресі.) «Мұндай сөзді бұлардан бұрынғылар да айтқан, олар тапқан мал-мүлік те өздеріне опа бермеген». (50-аят. «Зумар» сүресі.)

Адамдар көбіне байлық ақша туралы әңгіме өрбіткенде, оның адамды жолдан тайдыратынын айтып, кінәні жансыз дүниеге жабады да, өздері сүттен ақ, судан таза болып, барлық жамандық адамның өзінен екенін естен шығарады. Мал, байлық дегенің жақсылыққа жұмсасаң сауап, жамандыққа жұмсасаң күнә таптырады, жамандық әкеледі емес пе?! Олай болса кінә байлықта, ақшада да емес, «бір теңгем екеу болса, екі теңгем төртеу болса, тірлік, ақша, байлық» деп, өзге түгілі өзінің рахатына қимай, бәрін ұмытып, өлерменде не ілгері ұмтылған пендеде шығар. Мұндайды қазақ «мал табуға ебі көп, адамдыққа себі жоқ» дейді.

Абайдың алтыншы қара сөзінде: «Ырыс алды – тірлік» дейді. Ол қай тірлік, ол осы жан кеудеден шықпағандық па? Жоқ, ондай тірлік итте де бар. Ондай тірлікті қымбат көріп, бұлдаған адам өлімді жау көріп, ахиретке дұшпан болады. Жанын қорғалатып, жаудан қашып, қорқақ атанып, еңбек қылудан, қызмет қылудан қашып, еріншек атанып, ез атанып, дүниеде әлгі айтылған ырысқа дұшпан болады. Ол айтқан тірлік олар емес. Көкірегі, көңілі тірі болса, соны айтады. Өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың».

Мансап пен байлыққа алдау-арбау, иненің көзінен өтетін жылпостық, тамыр-таныстық пен сыбайластық арқылы қол жеткізгендер ептілікті бірінші орынға қояды, ал санасында саңылауы бар адамдар үшін қара шыбынның балға батып өлгені де өсиет.

**Әлімжан ҚИЯС,**
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі**

ҚАЗАҚСТАНДА МАЛ ДӘРІГЕРЛЕРІНЕН ОНЛАЙН КЕҢЕС АЛУҒА БОЛАТЫН СЕРВИС ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ




**Қазақстанда мал шаруашылығына арналған ерекше сервис пайда болды. Оның көмегімен мал дәрігерлеріне онлайн жазылып, ыңғайлы уақытта онлайн кеңес алуға болады.**

Бұл сервис Jailay Online деп аталады. Jailay Online – KMF компаниясы жасап шығарған, Қазақстанның тәжірибелі мал дәрігерлерінен ауылшаруашылық жануарлары бойынша онлайн кеңес алуға мүмкіндік беретін инновациялық сервис.

Компания мамандарының айтуынша, бұл сервисті шығарудағы мақсат жануарларға күтім жасау процесін жеңілдету арқылы жануарлардың иелеріне сапалы мал дәрігерлік қызметтерге қол жетімділікті қамтамасыз ету болған.

Jailay Online сервисінің көмегімен жануарлардың денсаулық күйін бағалап, оларға күтім жасау, малдардың төлдеуі бойынша кеңестер алып, шұғыл жағдайларда алғашқы көмекке қол жеткізуге болады.

Jailay Online қызметінің артықшылықтары мынада: шұғыл түрде қажет болғанда тәжірибелі мал дәрігерлерінің кеңестеріне жылдам қол жеткізу, маманды таңдау ыңғайлы болу үшін мал дәрігерлерінің анкеталарымен және олардың кестесімен танысу мүмкіндігі және жануарларға тиімді күтім көрсету үшін кеңес беру тарихын қарау мүмкіндігі бар.

Сондай-ақ қолданушыға ыңғайлы болу үшін “Мамандар форумы” қарастырылған, онда мал шаруашылығына қатысты кез келген сұрақтарды қойып, мал дәрігерлерінен және өзге қолданушылардан жауап алуға болады. Сонымен қатар, “Вакцинация күнтізбесі” және “Мақалалар” бөлімдерінде мал шаруашылығына қатысты көптеген пайдалы және ұсынымдық ақпарат жинақталған.

Айта кетейік, сервисті қолдану үшін смартфонда KMF мобильді қосымшасы болуы тиіс. Қосымша сұрақтар туындаса, 7474 нөміріне хабарласуға болады.

*Микроқаржылық қызметті жүзеге асыру құқығын беретін ҚНРДА-ның 26.02.2021 жылғы №02.21.0003.М лицензиясы*

## МҰРАЛЫҚ ІСТІҢ АШЫЛҒАНЫН ХАБАРЛАЙДЫ

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Косбергенов Мурат Каирбекович (лицензия №14002321, 24.02.2014ж.) 2024 жылдың 13 наурызында қайтыс болған азамат Байтухаев Жаннат Ауесхановичтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Көшербаев көшесі 203, тел.: 8 778 235 08 08, 8 777 067 92 37.

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Косбергенов Мурат Каирбекович (лицензия №14002321, 24.02.2014ж.) 2024 жылдың 5 мамырында қайтыс болған азамат Сарыбаев Максут Оразгельдиевичтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Көшербаев көшесі 203, тел.: 8 778 235 08 08, 8 777 067 92 37.

Жарнама телефоны 70-00-52
E-mail: smjarnama@mail.ru

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
**Марат АРАЛБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 22825 | Тапсырыс №1089 | Кезекші редактор **Әділжан ҮМБЕТ**